

ЗАН

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

№9 | 2022

ZANMEDIA.KZ

Кәмшат
САДУАҚАСОВА,
Қызылорда облысы, Арал
аудандық сотының төрағасы:

**«ХАЛЫҚ
КЕЛІП-
КЕТКЕНДІ
ЕМЕС,
САПАЛЫ
ҚЫЗМЕТ
ЕТКЕНДІ
СЫЙЛАЙДЫ»**



ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№9 | 2022

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор

Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АҒЫБАЕВ А. з.ғ.д.,
профессор

АЛАУХАНОВ Е. з.ғ.д.,
профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е. з.ғ.д.

ӘБДІРАСҰЛОВ Б. б.ғ.д.,
профессор

БЕКТҰРҒАНОВ Ә. з.ғ.д.,
профессор

ДОСАЛИЕВ Қ. з.ғ.д.

СӘБІКЕНОВ С. з.ғ.д.,
профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.
профессор (Қырғызстан)

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Кәмшат САДУАҚАСОВА,
Қызылорда облысы, Арал аудандық сотының төрағасы:

«Халық келіп-кеткенді емес, сапалы қызмет еткенді сыйлайды»

А. Сатыбалды

3

Ата Заңды жаңғыртқан ғұлама

Д. Әмір

10

Конституция Қазақстанның егемендігін қорғауда

Е. Дүйсенов

17

Реформалардағы шындық пен шикілік

Ө. Қожабаев

21

Сотсыз татуласудың тиімділігі

С. Джумабаев

28

Сот сарапшысы қажетті мамандық

А. Айдаркулов

30

Жеке сот орындаушыларға тараптар көңілі толмайды

Г. Мырзатаева

32

Көппәтерлі үйдің кондоминиум объектісін басқарудың жаңа нысаны

А. Пирметов

35

Әр бала бақытты болуға лайық!

С. Тәжібаев

37

Татуласу — дауды аяқтаудың тиімді жолы

С. Бертай

39

Заманауи технологиялар іс жүргізуді жеңілдетті

Б. Қаныбетова

41

Кәмшат САДУАҚАСОВА,
Қызылорда облысы, Арал аудандық сотының төрағасы:

«ХАЛЫҚ КЕЛІП-КЕТКЕНДІ ЕМЕС, САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕНДІ СЫЙЛАЙДЫ»



– Аудандық соттардың бүгінгі тыныс-тіршілігі қалай? Үлкен мінберлерде айтылып, көрсетілетін заманауи игіліктерден шет қалған жоқ па?

– Еліміздің сот жүйесі үшін соңғы жылдар тынымсыз ізденістер мен батыл бетбұрыстарға толы болды. Сот жұмысын ілгерілету мақсатында түрлі пилоттық жобалар, заңнамалық жаңашылдықтар, сондай-ақ, заманауи электронды технологиялық жаңалықтар енгізілді. Барлық сотқа қойылатын талап – бір, мақсат – ортақ. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», алға қойған мін-

деттерді ынтымақ, бірлікпен атқарып отырған отандық соттың жеткен жетістіктері көпшіліктің көз алдында. Оны айқайлап айтып, жарқыратып жарнамасын жасамай-ақ сотқа келген азаматтардың өзі де көріп, біліп отыр. «Көрініп тұрған істі сөзбен суреттеудің керегі жоқ» дейді әйгілі философ Цицерон. Сол айтпақшы, сот саласындағы жүргізілген реформаларға баға беру үшін сот жұмысын көру жеткілікті.

Бүгінде сот қызметін ашық, жедел, қолжетімді ету мақсатында енгізілген заманауи технологиялар, сонымен қатар, сот жүктемесін оңтайландыру мен дауларды соттан тыс реттеуді жетілдіруге бағытталған жобалар республика соттарында жүйелі жүзеге асып, халық игілігіне қызмет көрсетуде. Сот жүйесіндегі әрбір жаңашыл бастама ел соттарында ортақ жүзеге асырылатындықтан, үлкен мінберлерде айтылып жүрген жетістіктер мен заманауи игіліктерден аймақтағы соттардың шет қалуы мүмкін емес дер едім.

– Әлемдік пандемия кезінде өзге салалар жұмысы тығырыққа тіреліп, біршама ақсап қалды. Бірақ, жаңа технология жетістіктерінің арқасында отандық соттар жұмыс ырғағынан жаңылған жоқ. Жалпы, аудан халқы сот істерінің қашықтан қаралуын қалай қабылдады?

– Иә, дұрыс айтасыз, жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемия кезінде ел ба-

сына ауыр күн туды. Қаншама жерлесімізден, жақындарымыз бен туыстарымыздан айырылды. Дейтұрғанмен, қауіпті дерттің кең тараған кезінде де ел ішінде дау-дамай тоқтаған жоқ. Сондықтан, мұндай сындарлы сәтте азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірден-бір жолы сот төрелігін қашықтан атқаруға көшу болды.

Ежелгі грек ойшылы Платон айтпақшы «Жақсы бастама – жарты жұмыс». Күрделі кезден сүрінбей өтуіміз осы жақсы бастамалардың жемісі. Негізінен, жұмысты қашықтан жүргізуге көшу судьялар үшін аса таңсық дүние болған жоқ. Себебі, бұған дейін де «Е-СОТ» жобасы аясында сот отырыстарына сырттай атсалысуға мүмкіндік берілген болатын. Соған орай жаңашылдықты тәжірибеге қосу мақсатында «TrueConf» мобильді қосымшасының көмегімен біршама істерді онлайн режимде қарап келгенбіз. Пандемия кезінде осы жаңашылдық ерттеулі тұлпардай уақыт үдесінен шыға білді. Сондықтан, істерді қашықтықтан жүргізуге машықтанған сот қызметкерлері үшін жаңа өзгеріске бейімделу үлкен қиындық туғызбады.

Заманауи технологияның көмегімен соттағы істердің барлығы онлайн режимінде қаралып, талап қоюлар, қылмыстық, әкімшілік істер, хат-хабарлар тек электронды түрде қабылданып, азаматтарды қатерлі індеттен сақтандырудың амалдары жасалды. Мұндай қадамға азаматтардың қауіпсіздігін сақтау үшін, қауіпті індеттің таралуына тосқауыл қою мақсатында барғанымызды қарапайым

халық та түсінді. Өйткені, сол кездегі талап та, дерттен сақтанудың бірден-бір жолы да үйде болу еді.

Әрине, заманауи технология жетістіктерінен хабары жоқ, сот түгілі, жақындарымен онлайн сөйлесіп көрмеген азаматтарға жаңа өзгеріске бейімделу жеңіл болды дей алмаймыз. Басында интернет жылдамдығының төмендігін, байланыстың нашарлығын айттып, онлайн сотқа қатысуды қолдан қиындатқандар да жоқ емес. Бірақ, қашықтан іс жүргізу сот пен судьяның игілігінен бұрын, азаматтардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында қолға алынғанына көзі жеткен соң халық бастаманы толық қолдады.

Аудан тұрғындарына онлайн сот барынша тиімді. Себебі, халық сот отырысына қатысамын деп аудан орталығына келмегендіктен ақшасын да, уақытын да үнемдейді. Әуре-сарсаңды азайтып, көпшіліктің көңілінен шыққан соң жобаның да өміршең болары күмәнсіз.

– Арал аудандық сотының көптеген игі шараларға мұрындық болғанын көріп, сүйсініп отырамыз. Аталған өңірде заңның сақталуы қалай? Қандай істер көп қаралады?

– Әрбір жаңашылдық, заңнамадағы өзгерістер, жобалар көпшілікке түсіндіріліп, назарларына жеткізілгеннен кейін барып жүзеге асатындығы белгілі. Осыған орай, жаңашылдықтарды тиімді жүзеге асыру бағыттарын, оның халыққа берері мен нәтижесін барынша жеткізуге тырысамыз. Сол секілді белгілі бір қылмыстарға, әкімшілік





құқық бұзушылықтарға жаза күшейтілді. Солардың қатарында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (көлікті масаң күйде басқарғандарға жауаптылықты көздейтін) 608-бап та бар. Осы бапқа өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жауаптылық түрлері қатаңдатылды. Бұған дейін жүргізушінің көлік құралын масаң күйде басқаруы жүргізуші куәлігінен үш жыл мерзімге айыруға әкеп соқса, бүгінде он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға және жеті жылға көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келеді.

құқық бұзушылықтарға заңнамалық жауапкершіліктің қатаңдатылғаны жайында да ақпараттандыру шаралары үздіксіз жүргізіліп келеді. Өйткені, елдегі қауіпсіздікті сақтап, қылмыстың алдын алу осы түсіндіру жұмыстарының тыңғылықты жүргізілуіне тікелей байланысты. Азаматтар құқықтық сауатының төмендігінен сергелдеңге түсіп, сан соғып қалып жатады. Тұрғындармен жиі қабылдаулар өткізіп, құзырлы орындармен бірігіп кездесулер ұйымдастыру, сұрақтарға жедел, бүкпесіз жауап беру – халық пен сот арасындағы байланысты нығайтады. Осы арқылы қарапайым халық өз дауысын, өз بازیнасын соттың еститінін біледі. Бұл сенімді нығайтудың басты критерийі.

Үнді елінің қоғам қайраткері Махатма Гандидің «Шын жүректен жасалмаған жұмыс қызмет көрсетушіге де, қызмет алушыға да қуаныш сыйламайды» деген тағылымды сөзі бар. Қызмет көптің көңілінен шықсын десек, оны жүрекпен, шын ниетпен атқару маңызды. Сүйсініп, құлшынып жасалған жұмыс қашан да жұрттың жоғары бағасын алады. Оған іс барысында үнемі көз жеткізіп жүрміз.

Енді қандай істер көп қаралады деген сауалға келер болсақ, жүргізушілердің арасындағы ең көп таралған әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірі – көлікті мас күйінде басқару жағдайларының тыйылмауы дер едім. Бұл өте алаңдатарлық мәселе.

2020 жылы кейбір қылмыстар мен

Мас күйінде рульге отырған жүргізушіге тағайындалатын жаза қатаң болғанына қарамастан, өкінішке қарай, әлі күнге дейін ішімдік ішіп көлік жүргізетіндер саны азаймай отыр. Мәселен, Арал аудандық сотында өткен жылы көлікті мас күйінде басқарғаны үшін 68 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылса, осы жылдың 6 айында 43 азамат осындай жауапкершілік арқалады.

Сотта қаралатын азаматтық істер жайлы да айтып өтсек, олардың басым көпшілігін келісімшарт қатынастарынан туындайтын және некені бұзу туралы отбасылық даулар құрайды. Заман дамыған сайын дау-жанжалдардың да түрі көбеюде. Соның ішінде қарыз беріп, өз ақшасын ала алмай жүргендерді көп кездестіруге болады. Қарызға ақша немесе басқалай зат алған адамға оны қайтару туралы белгілі бір міндеттеменің жүктелетіні белгілі. Алайда, мұндай даулардың артуы азаматтардың тиісті міндеттемені орындауға немқұрайлы қарауынан және де оны орындауға асықпайтындарынан, айналып келгенде жауапкершіліктің жоқтығынан деп санаймын.

Некені бұзуға арызданатындардың көбісі жастар, солардың 80-90 пайызының кәмелет жасқа толмаған бір немесе бірнеше баласы бар. Ажырасушылардың әрқайсысы әрқалай себептерді алға тартады. Бірі күйеуін, енді бірі әйелін кінәлап жатады. Жараса алмадық, мінезіміз үйлеспеді дейтіндер де жетерлік. Енді бірі күйеуінің ішімдікке әуестігін,



тұрақты жұмыс істемейтінін алға тартады. Соттасудың оңай болып кеткені соншалық, тіпті, «күйеуімді қорқытып алайын деп едім», – деп талап қоятындар да кездеседі.

Некені бұзу туралы азаматтық істі қараған кезде судьяның алдында тұрған міндет – ерлі-зайыптыларды ажырату емес, керісінше, татуластыруға, бір сөзбен айтқанда заңды некені сақтап қалуға негізделеді. Ерлі-зайыптылар ашу үстінде асығыс шешім қабылдас үшін заң аясында ойлануға мерзім беріледі. Райынан қайтпауға бел буып келген кейбір жандар судьяның шеберлігі мен парасаттылығының арқасында бейбіт шешімге келіп, табысып та жатады. Мұндай шаралар, әрине, бізді қуантады. «Отан отбасынан басталады» десек, әрбір жанұяның жарасымды тірлігі, мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі деуге толық негіз бар. Бұл мәселеде соттардың еңбегі ерен екенін айтқан жөн.

– Жұмыстың алға басуы ұжымның бірлігіне, әр қызметкердің біліміне тікелей байланысты. Судьялардың кәсіби шеберлігін шыңдауға, мамандардың жұмысын жандандыруға қаншалықты көңіл бөлініп жатыр?

– Дұрыс айтасыз, «Бірлігі мықты ел бұ-

зылмас» демекші, ұжымның бірлігі, татулығы, ауызбіршілігі ең басты мәселе. Онсыз жұмыстың алға баспайтыны, қарапайым тілмен айтқанда, көштің ұзаққа бармасы анық. Осы орайда, біздің Арал аудандық соты ұжымының бірлігі мен татулығы, кәсібилігі ауыз толтырып айтарлық. Сот қызметкерлерінің басым көпшілігі көп жылдық еңбек өтілі бар, тәжірибелі, білікті мамандардан құралған. Қазіргі таңда әрбір мемлекеттік қызметші заман ағымынан қалмауға, тіпті, озық жүруге ынталы. Өйткені сотта кәсіби біліктілігі өте жоғары, өз ісін жетік білетін бәсекеге қабілетті маман қызмет етуі шарт. Сондықтан да, мамандардың жұмысын жандандыру, судьялардың кәсіби шеберлігін шыңдау мәселелері күн тәртібінен түскен емес.

Судьялардың, сонымен бірге, сот қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру мақсатында облыстық соттың оқу орталығында жұмыс жоспарына сай, ұдайы түрде семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар, қызметкерлер біліктілігін арттыру курстарынан, тағылымдамалардан өтеді.

Ал тәжірибені шыңдаудағы, біліктілікті көтерудегі ең мықты мектеп – өзінің ортасы, ұжымы. Соған орай, аудандық сотта жиын, басқосулар жиі ұйымдастырылып, шеберлік сағаттары тұрақты өтіп тұрады. Ардагер судьялармен арадағы байланысымыз да жақсы. Өмірден көрген, түйгені мол ардагер аға, апаларымыздан үйренгеніміз аз емес. Белгілі жазушы Н.Гоголь: «Өзгелерді оқыта жүріп, өзің де көп үйренесің» деген екен. Сол айтпақшы, мұндай шеберлік сыныптарының пайдасы орасан.

– Қазақтылықтың қаймағы саналатын ауданда даукестікті төмендету үшін қандай шаралар қолға алынып жатыр? Жалпы, аудан халқының ақсақалдар сөзіне көзқарасы қалай, көпшілік бітімге келуге бейіл ме?

– Бабаларымыздың игі дәстүрін қайта жаңғырту мақсатында еліміздің әр өңірінен Билер кеңесі құрылғаны белгілі. Арал ауданы да мұндай игі шарадан қалыс қалған жоқ. Қара қылды қақ жарған бабаларымыздың жолын ұстанатын Билер кеңесіне осы

өңірдің сөздері өтімді, білімді, көпке сыйлы ардагер-ақсақалдары сайланды.

Бүгінде өмірлік тәжірибесі мол Билер кеңесінің мүшелері тәрбиелік мәні зор, көпшіліктің көкейінен шығатын аталы сөздерімен даулардың ымырамен шешілуіне себепші болып келеді. Дау-дамайды соттан тыс шешуге машықтанған медиаторлардың да жұмысы бір жүйеге түсіп, ел арасында сот шешімінсіз шешілген дау-жанжалдардың көрсеткіші артып келеді.

Жалпы, қазақ халқының бойындағы кішіпейілділік, кешірімділік, қиналғанға қолұшын беру, иілгенге иілу, құрметтеу секілді ізгі қасиеттер кез келген қиындықтан алып шығатынын өмірдің өзі көрсетуде. Ақсақалдарымыз аталы сөздің күшімен дау біткенді, мәселен, ажырасуды ниет еткен жастарға ұлттық дәстүр, әдет-ғұрыптарымызды, ата-баба өсиетін ұғындырып, бұзылған отаудың келешегі, ондағы баланың болашағы туралы ой салады. Әрбір шаңырақтың сақталуында Билер кеңесінің алар орны, сіңіретін еңбегі айрықша.

Осыған орай, аудандық сотпен дауларды соттан тыс реттеу тәсілдерін жетілдіретүсу мақсатында тұрақты түрде медиаторлардың, Билер кеңесі мүшелерінің қатысуларымен дөңгелек үстелдер, семинарлар өткізіліп тұрады. Жергілікті БАҚ-тар беттері мен әлеуметтік желілерде Билер кеңесі, медиация тақырыптарында түсіндірме мақалалар, сондай-ақ, бітіммен аяқталған істер туралы ақпараттар ұдайы жарияланып келеді.

Сөз орайы келгенде айтып өтейін, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің сөз құдіретімен жүз бен ру арасындағы алауыздықты жойып, парасаттылық пен ынтымақ-бірлікке

ұйыстыра білгені тарихымыздан белгілі. Жақында аудандық сот ғимаратының алдынан осы үш ұлы биімізге арналған еңселі ескерткіш қойылды. Ондағы мақсат – тарих қойнауындағы атақты билердің есімін қайта жаңғыртып, өнегелі өмірлерін өскелең ұрпаққа үлгі ету болды.

– Халықпен жиі кездесіп, үнемі қоғамдық қабылдаулар өткізетінізді көріп жүрміз. Сондай кездесулерде азаматтар қандай мәселеге көп шағымданады, жұртшылық тарапынан ұсыныс, пікірлер түсе ме?

– Халықпен кездесу, азаматтарды қабылдау секілді шаралар құқықтық көмек көрсету, сот жүйесіне сенім деңгейін көтеру, қолжетімділікті арттыру, сондай-ақ, сала жұмысындағы жаңашылдықтарды жеткізу мақсатын көздейді. Азаматтар бұзылған құқықтары, толғандырып жүрген мәселелері жайында сауалдарын қойып, заң тұрғысынан берілген жауаптарын алып жатады.

Даулы істер бойынша сот шешімімен келіспейтін немесе шығарылған шешімді әділ емес деп санайтын жағдайлардың болатыны жасырын емес. Осындай мәселемен келген азаматтарға, сот актісіне өз келіспеушіліктерін заңмен белгіленген тәртіп бойынша шағымдану арқылы білдіру керектігін барынша түсіндіруге тырысамыз. «Сырт





көз сыншы» дегендей, жақсыға да, жаманға да баға беретін – халық. Осындай кездесулер кезінде, аудандық сотта қызмет атқарып жатқан судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысына оң бағаларын беретіндер көп. Олар еліміздегі әділ сот құру жолындағы қыруар күш-жігердің текке жұмсалмағаны жайлы жағымды пікірлерін білдіреді. Мұндай мақтау сөздерді естігенде қуанып қалатынымыз жасырын емес.

– Әкімшілік әділеттің бүгінгі жағдайына тоқталсаңыз, жария-құқықтық дауларда азаматтар өз мүддесін қорғай алып жүр ме?

– Бүгінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің жұмыс істей бастағанына бір жылдан асты. Жария-құқықтық саладағы даулар осы жаңа заңнама аясында қаралып келеді. Заңдағы әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу. Бұрындары мұндай даулар тараптардың тең құқылығы жағдайында азаматтық процессуалдық ережелер бойынша қаралатын. Содан да болар, азаматтар жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде теңсіздікке тап болатын. Ал, жаңа заңнама жария-құқықтық дауларда азаматтардың өз мүдделерін мемлекеттік органдармен тең дәрежеде қорғай алуына барлық мүмкіндікті қарастырып отыр.

Олай дейтінім, жария-құқықтық дауларды қараудағы соттың белсенді рөлі қағидаты судьяға бұл салада істі бүге-шүгесіне дейін зерттеп, даудың мән-жайын анықтауға мол мүмкіндік берсе, заңмен мемлекеттік органдарға өз шешімін не әрекетін түсіндіріп, негіздеп, дәлелдеп беру міндетінің жүктелуі азаматтардың теңсіздік ахуалында қалып қоюының алдын алып, қабылданған әкімшілік актінің негізділігін айқындауға сеп болып отыр.

Заңнамадағы процестік мәжбүрлеу шаралары болса, процеске қатысушылардың жауапкершілігін арттыруға ықпал етуде. Ондағы процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтындарға белгілі бір мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдану, процеске қатысушыларды процестік міндеттерді дәлме-дәл сақтауына итермелейді. Ал, дауларды шешудің тиімді құралына айналған татуластыру рәсімдері дау тараптарына дауды келісім арқылы реттеуге мүмкіндік береді.

Арал аудандық сотында жыл басынан бері жария-құқықтық даулардан туындаған 8 әкімшілік іс қаралса, соның барлығы тараптардың дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасуларымен аяқталды. Соттың белсенді рөлі, процестік мәжбүрлеу шаралары, дәлелдеу міндеті, сот бақылауы, татуластыру рәсімдері сынды жаңа заңнаманың жаңашыл қағидаттары әділдік іздеп сотқа жүгінген азаматтарға да, әкімшілік істі

қарайтын судьяға да осы аз ғана уақыт ішінде өз тиімділігін көрсетіп үлгерді.

– Президенттің биылғы жолдауында сот саласына айрықша назар аударылды. Осы тапсырма, міндеттерге байланысты ойыңызды білсек.

– Мемлекет басшысы кешегі жолдауында қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажеттігін, осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеп, тек таңдаушыларды сот корпусына тарту керектігін қадап айтты.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағида қазының ешкімді алаламайтын адал, қара қылды қақ жарған әділ болуы керектігін білдіреді. Сондықтан, Президентіміздің қойып отырған міндеттерін толықтай қолдаймын. Судьялардың қайтадан жасақталып, солардың ішінен тек өз саласын жетік білетіндер, сыбайлас жемқорлыққа төзбейтіндер сұрыпталып жатса, заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылатыны сөзсіз.

– Сіздің ойыңызша, сот корпусына мықты мамандарды тарту үшін не істеу керек?

– Мемлекет басшысы жолдауында осы мәселеге баса назар аударып, сот саласына мықты заңгерлерді тарту үшін материалдық жағдайды жақсартуды тапсырды. Расымен де, салаға мықты мамандарды тарту үшін тиісті ынталандырулар мен жағдайлар жа-

салуы қажет. Лайықты еңбекақы, соттардың жұмысын талапқа сай материалдық-техникалық жарақтандыру, сондай-ақ, судьяларға түсетін жүктемені біртіндеп азайту және олардың тәуелсіздігін арттыру кезек күттірмейді. Мемлекет басшысының мұндай ұсынысы сот жүйесінің жаңаша бағытта қалыптасуына, әділдік жолының жаңғыруына ықпал етері анық.

– Жолдауда судьяларды теңестіру, кейбір соттардан төраға лауазымын алып тастау туралы айтылды. Жалпы, төрағасыз сот жұмысын жүргізу, ұжымды басқару мүмкін бе?

– Судьяларды теңестіру туралы шешімді өз басым толық құптаймын. Сот төрелігінің әділдігі кез келген елдің кемел болмысының көрінісі болып табылады. Ал, оны жүзеге асыратын басты тұлға – судья. Судья сот төрелігін жүзеге асыруда ешкімге жалтақтамай, тәуелсіз болуы шарт. Сондықтан, судья осы жолда тәуелді болуы мүмкін деген көмескіліктер толық жойылғаны дұрыс.

Төрағасыз сот жұмысын жүргізу, ұжымды басқару мүмкін бе деген сауалыңызға келсем, оның да жаңаша заңнамалық бағыты белгіленетін болады деп ойлаймын.

– Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге үлкен рақмет.

**Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң»**



АТА ЗАҢДЫ ЖАҢҒЫРТҚАН ҒҰЛАМА

Еліміздің тәуелсіздікке ие болу бақытын көрумен бірге, «Қазақтың Ата Заңы» деп кеуде керіп, мақтан тұта алатын заманға жетіп, куә болып отырған біздер шексіз бақытты ұрпақ екенбіз. Қазақтың Ата Заңы деген осы бір қасиетті ұғымның құлағымызға сіңісті болып, көзіміз үйреніп кеткелі қашан?



Әрине, жараның орны жазылар, тақсыр уақыт бәріне емші, дегенмен, мұндай халық үшін бағасы аса құнды, қасиетті ұғымдарға қандай күрес нәтижесінде қол жеткізгенімізді сезіне білу, қадіріне жету, ұрпақ жадында жаңғыртып, есіне салып отыру – әсіресе, қос кезеңді де қатар бастан кешкен аға буынның абзал борышына айналуға тиіс деп ойлаймын. Өйткені, аға буын өкілдері, біздер, екі дәуірді салыстыру арқылы бұл ұғымдардың қадір-қасиетін көбірек сезінеміз, білеміз, кезең-кезеңге бөліп, тарихи сараптама жасап, әділетті бағасын да шығара аламыз, ал ол заманды көрмеген ұрпақтың еш айыбы жоқ. Жас ұрпақ, біздерден, заңды түрде өткен кезеңдер туралы байыптама талап етуге қақысы бар деп пайымдаймыз.

Сондай-ақ, «Қазақтың ата заңдары» деген қасиетті атаумен ғұлама ғалым, заңгер, академик С.Зимановтың жетекшілігімен жарық көрген он томдық жинақтың да төрімізден орын алғанына біршама жыл өтіпті. Өзге

де толып жатқан ұланғайыр еңбектерін есептемегеннің өзінде, ұлы ғалым осы баға жетпес еңбегімен-ақ еліміздің тарихында қалып, есімі ардақталып, ел шежіресінде алтын әріптермен жазылып, мәңгілікке сақталып қалары сөзсіз. Әрине, бұл жинақта өзге де әйгілі ғалымдардың қолтаңбасы, сіңірген еңбектері бар, дегенмен, Ата Заңымыздың халқымызға өз мәнінде танылып, жұртымен қайта қауышуына ұшан-теңіз үлес қосқан, осы қасиетті еңбекті ең алдымен қолға алып ұйымдастырушысы болған, басқарып, жетекшілік еткен Салық Зиманұлы екендігін баса айтсақ, ешкімнің де шыққан тауын аласартпаймыз.

Қазір кемеңгер тұлғамыздың жемісті де жанкешті еңбегінің арқасында «Ата Заң» деген термин «Конституция» ұғымымен тең дәрежеде қолданылатын биік мағынаға ие болды, тіпті, ұлттық деңгейдегі қадір-қасиеті мен бағасы одан да жоғары тұр десек, артық айтқандық болмас. Бұл ұлтын шексіз



сүйген, оның болашағына қызмет етуді қасиетті парызым деп ұғып өскен, сол жолда жанын қиюға әзір болған ұлы ғалым еңбегінің, төгілген терінің нәтижесі.

XX ғасырдың басында ұлт болашағы үшін жанқиярлықпен еңбек еткен Әлихан Бөкейханұлы бастаған Алаш ардақтыларының аманатын арқалаушы, мұрат-мүддесін алға апарушы тұлғаларымыздың бірегейі ретінде Салық Зиманұлын атауымыз әбден орынды. Ал, Ата Заңымызға басымызды иіп, тағзым ете отырып, ұлы ғалымның қасиетті еңбегін ардақтап, құрметпен еске алу бізге парыз. Осы мақала да сол парызды сезінген шынайы ниеттен туындап отыр.

Иә, бұл қасиетті кітап жинақтарының елін сүйетін, елінің заңын құрметтейтін әрбір азаматтың шаңырағының төрінен орын аларына, жұмыс үстелінің бетінде тұратынына сенімдіміз. Өйткені, бұл кітаптардың шамшырақтай қадірі өте жоғары. Мұнда кешегі

кеңестік империялық дәуірдің тарихында мүлде басқаша сипатталған, яғни, еліміздің заң шежіресі тек кеңестік коммунистік партия тарихымен ғана байланыстырылып келген көзқарас түбірімен жойылып, жаңа, соны арнаға түсті. Ел тарихының тірілуімен, Ата Заңымыз жанданды, соған сәйкес кеңестік одақ құрамында қолданылып келген конституциялық заң ережелері түбегейлі өзгеріп, қайта жасақталды. Жұртымыз үшін ең үлкен қуаныш – заң тарихы әлденеше ғасырға шегеріліп, өзінің нағыз бастау алған түп-тамырымен жалғасын тапты, яғни, қазақ елі – ел болып қалыптасқан, айнала қоршаған іргелі көршілес елдермен иық теңестіріп, ордалы жұрт болған даңқты кезеңдерімен қайта табысты. Төңіректі тегіс мойындатқан Қазақ Ордасының қалыптасуында зор рөлге ие болған ежелгі ата заңдарымыз өмірге қайта келді, жұртымен мәңгілікке қауышты. Ұға білгенге бұл біздің жұртымыздың баға жетпес зор бақыты болатын.

Салық Зиманұлының Ата Заңды тірілтіп, жандандырып, жаңғыртқан ұлы еңбегіне тереңірек тоқталмас бұрын, өткен саяси кезеңдерге шолу жасай кеткіміз келеді. Өйткені, бұл жақсы болсын, жаман болсын, еліміздің басынан өткен тарих.

ҚҰБЫЛЫС

Балталасаң да өткенің мен бүгініңді ажырата алмайсың, айтар ойыңды өзара сабақтас, тамырлас кезеңдермен байланыстыра өрбітпесең, көздеген межелі деңгейге қол жеткізу мүмкін болмас. Тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің өзі, әрине, ұлы жеңіс. Бірақ, сол тәуелсіздіктің ұрпаққа артар зілбатпан салмағын әрқайсысымыз сезіне алдық па? Тәуелсіздікке қол жеткізу аз, оны ұстап тұра алатын күш-құдірет, тегеурінді мемлекеттік саясат керек. Оны уысымыздан сусытып шығарып алуымыз да мүмкін екендігін еліміздің өзгеше ойлы тұлғалары жақсы түсінді. Сол санаулы зиялыларың бірегейі Салық Зиманұлы Зиманов болатын.

Кейде мыңдардың көтерер жүгін бір өзі көтеріп кететін, ғасырлар салмағын иығына арта алатын бірегей біртуарлар өмірге келеді. Олардың біртуарлығын халық жаппай

мойындайды. Бұл – сирек құбылыс. Осындай құбылыстар халықтың бағына туады. Сирек құбылыстай танылған тұлғаларымыздың бірі академик С.Зиманов екендігін замандастары, әсіресе, өзімен қатар еңбек еткен әріптестері жақсы біліп бағалады. Сондықтан да оның үнемі жанынан табылып, қолдау білдіріп отырды. Оның, ең алдымен, өзгеше озық қабілетін көре білген, даралығын танып, қолдау көрсеткен ұстаз ағасы Қаныш Сәтбаев болғанын ерекше атап өтуіміз керек. Сондай-ақ, Салық Зиманұлының биік қасиеттерін бағалап, оны қолдап, үнемі жанынан табыла білген, өз замандастары, ғылым мен білім сапарында иық теңестіріп қатар жүрген, елімізде әртүрлі ғылым саласының тізгінін ұстаған, ірі мемлекет және қоғам қайраткерлері М.Қозыбаев, К.Сағадиев, С.Сартаев, Т.Шарманов, З.Қабдолов сияқты қайталанбас тұлғалар болатын. Халқының осындай кемеңгер перзенттерінің өмірге бір толқындай қатар келіп, күш біріктіріп, қатарласа еңбек етуінің өзі ел тарихындағы ғажайып құбылыс болатын. Олар бұл тұрғыдан, жиырмасыншы ғасыр басында қатарласа еңбек еткен, ұлтының болашағы үшін жанқиярлықпен күрескен Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек сияқты алаш ардақтыларына ұқсайтын еді, солар сияқты біртұтас, бірегей зиялы қауымға айналып, бірігіп, үлкен жетекшілік күш-қуатқа ие болды. Әрине, өкінішке орай, тағдыр жолы басқаша шешілгені – өздерінің ғана емес, халқының қасіретіне айналуы, олардың ұлты үшін қаншалықты қадірлі болғандығына дәлел.

Жас мемлекетіміздің қаз тұрып, төрт аяғын тең басып кетуі үшін алдымыздан үлкен міндеттерді орындау жауапкершілігі туғандығын Салық Зиманұлындай ерекше жаратылысты асыл тұлғаларымыз жеріне жете түсінді. Түсініп қана қойған жоқ, білекті сыбанып, іске кірісті, алға қойған мақсатының үдесінен шығып, үлкен жетістіктерге ие болды. Осындай ұлы тұлғаларымыздың арқасында зор әлеуметтік істер атқарылды, ең бастысы – ұлт мүддесі алдыңғы орынға шықты. Алаш аманатын мойнына жүктеп алғандай қажырлы қайратпен, елінің болашағына бар күш-жігерін, ақыл-парасаты мен

білімін жұмсаған, аянбай тер төккен азаматтар, әрине, аз болған жоқ, бірақ, солардың ішінен С.Зимановтай ардақтыларымыздың еңбегін айшықтап, даралап атасақ жарасар. Олардың бас болып жетекшілік жасауымен, ел тәуелсіздігінің тұғырын бекіте түсу үшін қаншама жұмыс атқарылды екен, мұны мөлшерлеу дәл қазір қиынға соғар. Бір ғана айтарымыз, ұланғайыр істер тындырылды, солардың арқасында дүние жүзі «Қазақстан» деген елді таныды, мойындады.

Алайда, әр алған белесіміздің, бағындырған асуымыздың қадір-қасиеті, тарихымыздан алатын қадірменді орны бар екенін қалайша есімізден шығарып алармыз? Ал осы жеңіс біз үшін оңайлыққа түсіп пе еді? Айтуға ғана жеңіл шығар, бұл қаншама қажырлы күрес пен төгілген ащы тердің нәтижесі екендігіне тереңдеп, бойлай аламыз ба, қадіріне жетеміз бе?

«Ата Заң» деп ауызға алмақ түгілі, ата-бабымыздың атын атаудан, олардың заманын еске алудан қорқатын уақыттарды қалайша тез ұмыта қалдық? Атамыздың дәуірін «ескішілдік» деп, «керітартпашылдық» деп, қасиетті хандарымызды «қанішер», «қарақшы» деп қаралап, аузы дуалы, дана билерімізді ескілікті көкsep, дәріптеуші, сарнаған дуана-бақыларға теңедік, қара күйені баттастыра жағып, әке мен баланы жау қылған заманды мақтан тұтып, әкесін жауға ұстап берген Павлик Морозовтарды дәріптедік. Тіпті, болмағанды болдырып, қисындастырып, кемеңгер Абайымызды әкесімен жағаластырып, аталарына қарсы қойғанымыз, «қараңғылық пен надандыққа» толы ата-баба салт-дәстүріне қарсы күрескер етіп көрсетуге тырысқанымыз күні кеше ғана емес пе еді? Ақын-жазушыларымыз жүрегінің сөзін, халқының арман-тілегін жаза алған жоқ, еріксіз саясат сойылын соқты, олар идеологияның тас құрсауынан босай алмай, амалсыздан большевиктер партиясының жеңісін жырлады, мүддесін қорғап, жасанды, жалтақ, жағымпаз шығармалар тудыруға мәжбүр болды.

Иә, кеңестік идеология болмағанды болдырды, қисынсызды қиыстырды. Жалған ұраншылдық дәуірі естен адастырғаны, жолдан жаңылдырғаны рас. Бірақ, уақыт бәрін

өз орнына қойды, тарих дөңгелегі шыр айнала келіп, әділетті түзу жолға қайта түсті. Ұзағынан сүйіндірсін дейік, ата-бабаларымыз кешкен өнегелі жолдар, олардың ел бірлігі мен тұтастығы, халқымыздың азаттығы үшін, туған өлкемізді жасанып келген жаудан қорғау жолындағы жанталас күресі, қасиетті заңымызды тұрақтандыру жолындағы мұрат-мүддеміздің асқақтығы, жалпы халқымыздың басынан кешкен санғасырлық тағылымды тарихи белестері – осынау биік ұғым жұртымыздың тұрақты тіл тіркесі ретінде халықтық төл лексиконымызға енгізуге әбден лайықты еді. Бұлай деп ала-бөле мән беруіміз де түсінікті шығар, империялық отарлау саясатының дүмпуімен, кеңестік идеологиялық тоқпақтың астында желдей ескен еркін күнімізді еске түсіретін, қазақтың басы азат шағын бейнелейтін көптеген сөздеріміздің, тұрақты тіркестеріміздің айтылмай, қолданыстан шығып келгендігі жасырын емес. Тіпті, «азаттық», «бостандық», «теңдік» деген ұғымдардың өзі тек кеңестік, коммунистік, революциялық большевизмнің жеңісімен байланыстырылып қолданылып келді. Қадір-қасиет атаулының бәрін жалған коммунизм болашағына арнап, большевиктік жылтыр сөзді, жарқ-жұрқ ұраншылдыққа айналдырған заманның қызыл жалқын елесі көз алдымызда.

АЛАШ МҮДДЕСІНЕ АДАЛДЫҚ

Салыстырып көріңіз, большевиктік жалған азаттық ұранынан алаштың азаттығы, қазақтың еркіндігі әлдеқайда шынайы, әрі әділетті, әрі асқақ болып естілмей ме? Сойқан, дүлей саясат осы қасиетті ұғымдарды алаштың марғасқа ұландарының аузынан қағып алып, есірік ұранға басты, құнын түсірді, өңін айналдырып жіберді. Солай бола тұрса да, алаш арыстарының сағы сынған жоқ, империя алдында тізелерін бүкпей, бастарын тік ұстаған қалпы өмірден нағыз қас ерлерше илікпей өтті. Олар ата-бабаларымыздың ғибратты жолдарын қастер тұтты. Бастарына қауіп екенін біле тұра, алаш мүддесінен бас тартпай, адалдықпен көздерін жұмды. Жетпіс жыл тайраңдаған үкімет, халық қолдауына ие болмаған зор-

лықшыл, астамшыл үкімет күндердің күні болғанда мойны қайрылып, астына түсті, аяғы көктен келді...Қасіреті басым болса да әділет үшін, ұрпаққа сабақ болуы үшін, ақ пен қарасын айырып, нақты бағасын беру – абзал борышымыз.

«Жаман айтпай, жақсы жоқ» демекші, халқымыз үшін салмағы ауыр, аспанымызды қара бұлт басқан зауалды кезеңдер десек те, бұл өткен бел-белестерімізде әке-шешелеріміздің, ата-әжелеріміздің басынан өткерген санқилы ауыр тағдыры жатыр. Сондықтан да ел басынан кешкен тарихқа құрметпен қарауға тиіспіз. Және бұл алаш арыстарының, сол заманда империямен жағаласа жүріп, ел болашағына қызмет еткен қайраткер тұлғаларымыздың, ата-бабаларымыздың саясат қысымына қарамастан ұрпағы үшін төккен тері мен сіңірген еңбегінің қадір-қасиетін тани түсу үшін де маңызды екендігі сөзсіз.

Міне, біз С.Зимановтай ардақты тұлғаларымыздың, онымен қолтықтаса жүріп еңбек еткен академиктер К.Сағадиев, С.Сартаев, Н.Шәйкенов, О.Сәбденов сияқты заңгер ғалымдарымыздың, көрнекті қайраткерлеріміздің, тарихшы академик М.Қозыбаевтардың т.б. еңселі тұлғаларымыздың еңбектеріне де осы өреден баға беруге тиістіміз. Әсіресе, мелекеттің тұғыры саналатын ел заңын жүйелеп, қалыптастыруға С.Зиманов жетекшілік еткен ғалымдар тобының қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Ештеңе де аспаннан дайын күйінде түсе қалған жоқ. «Қазақтың ата заңдары» еңбегі қалай өмірге келді? Жинақты шығарушылар қандай қиындық көрді?» деген сұрақ әркімді толғандыруға тиіс. Өйткені, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгенімен, оның салмағын көтере білу керек. Ішімізден де, сыртымыздан да әр қадамды аңдып, саяси астар, ілік іздеп отырғандар аз емес. Жасыратыны жоқ, еліміздің тәуелсіздігін көп көрушілер болмай қалған жоқ, қасиетті туған өлкемізге сырттан көз тігушілер көп. Ресейдің империялық пиғылдан арылмаған кейбір агрессиялық күштерінің бұрынғы одақ ыдырай бастағанда, әсіресе, Қазақстанды уысынан шығарып алғанына өкінішпен қарағаны жасырын емес. Біздің Абай тектес даналарымыз Ресей

сияқты алып мемлекеттің екі түрлі мүддемен өмір сүретінін, бұл елде Пушкин, Лермонтов, Толстой мен Достоевский, Гоголь мен Белинскийлер ұстанған халықтық мүддемен қатар зеңбірегіне, яғни, қаруына көбірек арқа сүйейтін мүдденің де қатар жүретінін атап, халқына ескертіп кеткен болатын.

Заман, қоғам өзгергенмен, империялық пиғыл өзгермейтінін, қайта әр кезеңдер аралығында қозып, өршіп отыратынын тарих әлдеқашан дәлелдеген. Әсіресе, қазақ елі мұны басынан талай өткеріп келе жатқаны белгілі. Мұны ата-бабаларымыз «жау жоқ деме, жар астында» деп ескерткен. Сондықтан, қазақ елін бөліп, бөлшектеп алғысы келетін, оны өз мемлекетінің құрамдас бөлігіне жатқызып келе жатқан пиғылдардың барын естен шығаруға болмас. Мұны империялық мүдде көздеген Хрущев, Горбачев сияқты астамшыл билеушілер өздерінің доғал іс-әрекеттерімен дәлелдеген болатын.

ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ПАРЫЗ

Осының барлығы тәуелсіз жас мемлекет үшін түрлі кедергілер тудырмай қоймаса да, С.Зиманов бастаған топ ең алдымен мемлекет тұғырын нығайтып алуға бел шешіп кірісті. Яғни, еліміздің Ата Заңын жазып, құрастырып шығуды қолға алды. Олар бұл мақсатына сатылап, жүйелі түрде, кезең-кезеңімен жетіп отырды. Әрине, мұның мәнін толық түсіну үшін бас редактордың, еңбек авторының өзіне жүгінген дұрыс. Салық Зиманұлы бұл күрделі еңбекті бас болып қолға алғаны туралы бірінші томның бірінші басылымындағы алғы сөзінде былайша түсіндіреді: «Ұсынылып отырған еңбекті дайындау және шығару біз үшін ғылыми зерттеу, ұйымдастырушылық материалдық-қаржылық тұрғыдан ауыртпалық тудыратынын түсіндік. Соған қарамастан, біз мұндай игі қадам жасау жолында қандай ауыртпалық болса да тәуекел етуге бел будық. Өйткені, бұл біздің халық алдындағы парызымыз. Оған ғылыми біліміміз, ақыл-парасатымыз демеу болды. Ең үлкен қиындық – қойылып отырған мәселенің жаңалығы мен сонылығында. Ол қазақ әдет-ғұрпы құқығының өзіндік «көне болмысының»

ішкі сыр-сипатына үңілумен бірге, оның о бастан адамның табиғи құқықтары мен еркіндігіне негізделген құндылығын ашу, оның тұла бойының адами құндылықтарға тұнып тұрған өнеге екендігін көрсету еді. Мұнда біз, қазақ қоғамы тарихындағы шындықты ғана бейнелеуге ұмтылдық. Ғасырлар бойы шаң басқан тарихты қайта тірілте отырып, оны шындық сатысына көтеруді өзімізге міндет етіп алдық. Қазақтың орта ғасырлардағы құқықтық мәдениетінің сол дәуір шеңберінде жетіле өркендегенін қоспасыз жазудың өзі біз үшін бүгінге дейін қалыптасып келген отаршылдық, буржуазиялық және кеңестік тарихнамада дәстүрге айналған «Қазақстан мешеу қалған «жабайы», «патриархалды-феодалдық ел болды» деген көзқарастардың тұрлаусыздығын аңғартады.

Қазақ әдет-ғұрып құқығының көптомдық басылымын дайындауға Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жариялауы ұйтқы болды. 1998 жылы сәуірде Қазақстан Республикасының Әділет министрі Б.Мұхамеджановтың ұйғаруымен Алматы қаласында шақырылған заңгер-ғалымдар тобының жиналысында мен «Древний мир права казахов», «Материалы, документы, исследования» – «Қазақтың ата заңдары. Құжаттар, деректер, зерттеулер» атты көптомдық бағдарлама жобаны ұсынған едім. Бұл ұсыныс қатысушылардың және де министрдің тарапынан қолдау тапты. Жылдың аяғында алғашқы демеушілер де табылды. Кейін бұл іске өзім басқарып отырған университеттің қаражаттары да жұмылдырылды. Бағдарламаны жүзеге асыруға атақты заңгер-ғалымдар, филологтар мен тарихшылар тартылды. Қолжазба қорлары мен сирек кездесетін басылымдардан қажетті материалдарды жинау және зерттеу үшін Әдебиет және өнер институтында Ұлттық Ғылым академиясының Ғылыми кітапханасында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында, осы мекемелердің білікті қызметкерлерінен шығармашылық топтар құрылған болатын. Қазақ академиялық университетінде/мемлекеттік емес/ негізгі зерттеу тобы жасақталды. Оған заңгер ғалымдардан басқа, моңғол, қытай, түрік,

және ортаазиялық және ұлттық әдебиеттер жөніндегі мамандар кірді. «Бағдарламаны» жүзеге асыруды өзім басқардым...Бұл көптомдық «көшпелі өркениет» дәуіріндегі қазақтың құқықтың жүйесінің адамзат тарихында қайталанбас өзіндік бет-бейнесі бар, бүгінгі біздің санамыздағы халық билігі, сот әділдігі, құқық тәртібі туралы түсініктермен ғасырлық сабақтас, әуендес сүбелі мұра екендігін паш етеді.» /Академик Зиманов.С.3.2001ж.5-6 б./

ІСТІҢ АДАМЫ

Көріп отырғанымыздай, ғалым аса тәптіштемей, іс адамы ретінде салқынқанды ғана атқарылған жұмыстардың барысын баяндап отыр. Ал мұның айтарға ғана жеңіл екенін, мұндай ауқымды, әрі күрделі істің қаншама күш-жігерге түскендігін іштей пайымдап отырасыз. Осындайда кейбіреулердің болмашы ісін дабыралап, дақпырттап жататын әдеттері еске түседі. Жалпы ұлылық, тектілік қалпы әркімнің сөз аңғарынан-ақ айқындалатын болуы керек. «Мен солай еттім» деген мақтанның мүлде иісі де байқалмайды. Солай бола тұрса да көңіл төрімен аңғаратынымыз, оның Президенттің жоспарлы бағдарламаларын ел мүддесіне орайластырып, пайдалана білуі, сол кездегі Әділет министрі Б.Мұхамеджановты да ауқымды іске тарта білгендігі – оның аса көреген ғалым, тегеурінді қайраткер екендігін танытардай. Сол тұстарда, атқарылған ауқымды шаралардың бәрін Президентке таңып, С.Зиманов сияқты ғалымдарымыздың қажырлы істері тасада, елеусіз қалып қоятыны да шындық еді. Тұңғыш Президенттің абыройын асқақтатамыз деп, осындай Ата Заңымызға жан бітіріп, қолымызға ұстатқан қайраткерлеріміздің ересен еңбектері көлеңкеде қалып қоюы әділетке жатпайтынын еске салғымыз келеді. Жалпы әр атқарылған істі, халық үшін әркімнің сіңірген еңбегіне қарай, өз атымен атағанымыз әділдікке жақын болар еді. Ең бастысы, Салық Зиманұлына артық қолпаштың да, асыра мақтаудың да қажетсіз екендігін, даусыз тұлғалық даралығын мойындауымыз керек. Тек атқарған жасампаз ұлы істерін нағыз өзі-

не тиесілі атымен атасақ, өз еңбегін өзіне қисақ та жеткілікті болмақ. Енді осы алғашқы басылымындағы алғы сөзінде жазғандарын толықтыру ретінде, «Бірінші томның екінші басылымындағы алғы сөзінен» де келтіре кетсек, бұл ұлы еңбек жөнінде танымымыз кеңейе түсер еді: «Бұған дейін жарық көрген «Қазақтың ата заңдары» көптомдығының бірінші/2001 ж./ екінші/2003 ж./ томдары «Мәдени мұра» атты 2003 жылы қабылдаған және іске асырылуы 2004 жылдың басынан басталатын мемлекеттік бағдарламаның негізінде толықтырылып, қайта басылып отыр. Бірінші том шыққаннан кейінгі 4-5 жылдарды тарихи фольклорлық және тарихи құқықтық сипаттағы әдебиеттердің баспа бетінде бірінен соң бірінің шығып жатқан кезі десе де болғандай. Сонымен бірге, осы кезеңдерде жиырмасыншы ғасырға дейінгі қазақ қоғамындағы сот жүйесі, басқа да әдептілік-құқықтық құрылымдар мен нормаларға қатысты зерттеулер жүргізіліп, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Кезінде кеңес үкіметі тұсында мұндай жұмыстарға қатаң шектеу қойылған, ондай еңбектердің авторларын социализм қағидаларынан «алшақтап» кеткені үшін, «ескілікті көксеген», тіпті, «ұлтшыл» деп айыптауға дейін барып отырған. Сонда да, бұл тақырыптар бойынша шектеулер болса да зерттеулер жүргізіліп жатты. Аталған еңбектерде қанша әдет-ғұрып құқығы өткеннің сарқыншағы, патриархалды-феодалдық қалыптасудың көрінісі деп бағалаған болса да, оның танымдық маңызын ешкім жоққа шығара алмайды. Әсіресе, бізді ерекше қызықтыратыны – ол аты аңызға айналған қазақтың билері туралы ерте-ректегі және кейінгі кезеңдердегі олардың өсиеті мен билік-шешімдері жолы. Көшпелі Ұлы Даланың тарихи-құқықтық мәдениетіне арналған әр кездегі зерттеушілер мен ұлт жанашырларының жинаған және жариялаған материалдары болып табылады. Бұл басылымдар біз үшін екі қырымен маңызды болып отыр: бір жағынан, бұл басылымдар тарих көшінде қалып қоймай, қазіргі күнге дейін ел есінде сақталып қалуында, екінші жағынан, сол ғасырлар бойы көшпелі құқық қоғамның негізгі өмірін өзегін құраған қа-

зақ құқығының «көне болмысын» тануға қазіргі кездегі зерттеушілердің ерекше ынта білдірулері болып отыр.» /7 б./Ғалымның осындай байыптамаларына зерделей үңіліп отырсақ, «Қазақтың ата заңдарын» жазып шығудың оңай болмағандығын, қаншалықты күш-жігер жұмсалғандығын шамалап, болжауға болады деп ойлаймыз.

АЛТЫН ҒАСЫР

Біз, әрине, бір ғана мақаланың ішінде осыншалық ауқымды еңбектің мән-маңызын толық ашып бере алмаспыз. Дегенмен де, жинақ авторларының, әсіресе, Салық Зиманұлының басты жетістігі ретінде, қазақтың заңнамасы қалыптасқан дәуірлерді бір ауыз сөзбен, «Алтын ғасыр» деп атап, соны дәлелдеп, таныта алғандығы деп тұжырымдаймыз. Неғұрлым ұғынықты болу үшін тағы да жинақтың бас авторына жүгінеміз: «...Бес-алты жыл мұқият ізденіс пен ойланыстан кейін, шын мәнінде бұндай тұжырымға келдік. Бүгінгі көзқараспен қарағанда, артта қалғандай көрінетін орта ғасырлар бойы қазақ халқының санасына сіңіп-бекіп қалған әділ сот пен заңдылықтың «Алтын ғасыр» деңгейіне дейін көтерілуі, бір жағынан, жұмбақ секілді. Қазақ құқығының «көне болмысының» мәні мен сыры, оның тарихи құндылығы терең зерттеуді, оның өзіндік қалыптасу кезеңдері мен ерекшеліктеріне зер салып, көңіл бөлуді қажет етеді. Бұның негізгі себептерінің бастысы, қазақ елі мен мемлекетінің Орта Азияның аса кең шұрайлы даласын ғасырлар бойы мекендеуімен орта ғасырдағы үлкен жорық, өзара үлкен шайқас жолдарынан аулақ бөлек жатуында. Қолайлы табиғи аяда, ұзақ бейбітшілік дәуірде қалыптасқан көшпелі қазақ қоғамы сол замандағы этно-мәдениеттің өзіндік жоғары деңгейіне көтерілді...»

Осындай дәлелді тұжырымдарын келтіре отырып, «Алтын ғасыр» атауының түп-төркіні – халқымыздың ежелден қалыптасқан, тіпті, басты қаруына айналған қасиеттеріне байланысты екендігін жайып салады. Иә, ол қандай қасиеттеріміз екен, ғалымның дәйектемесіне үңілейік: «Орталық Азия кіндігінде қазақ жерінде екі құдірет күштің – Сөз

құдіреті мен Заң құдіретінің үстем болуына әкелді. Қазақ құқығы оның қасиеті мен деңгейі осы екі құдіреттің аясында дүниеге келді. Халық санасында Ұлы Дала әділ соты мен заңдылығына «Алтын ғасыры» деген өшпес із қалдырды. Халық санасында қалыптасып, әбден бекіп қалған дәстүрлі еркіндіктің, азаттықтың, және көшпелі өмір салтының негізін қамтамасыз ете алатын әдет-ғұрып ережелері мен жарлық- заңдар қазақ қоғамының көшпелі ел негізінде өркендеуіне әкелді. Қазақ құқығы ережелері – өзінің құрылымы мен қисындылығы жағынан мейлінше ұтымды, жинақы және көркем бейнеленген, есте сақтауға өте қолайлы. Сондай-ақ, меңгерілуі табиғи қажеттілікке сай келетін нормалардан тұратын құқықтық жүйе. Ол кінәлінің сазайын тарттыратын қылмыстық жазалау, ұрып-соғу, жәбірлеу, адам теңдігін таптау сияқты қылмыстық құқықтан аулақ болатын азаматтық бағыттағы құқық жүйесі болатын. Заңдылықты сақтау, оны бекіту, ел билеу тұтқасы билер сотында болды, олар көшпенділер қоғамының құқықтық кеңістігінің төрінен орын алды. Дала заңы мен «от ауызды, орақ тілді шешендер» деген атаққа ие болды. Халық мұндай сот өнерінің майталмандарын «Қара қылды қақ жарған тура би», «Ханда қырық кісінің ақылы болар болса, биде қырық кісінің ары мен білімі бар» деп дәріптеді.» /8 б./

Біз аса тағылымды, мазмұнды, әрі жан-жақты қамтылған ауқымды еңбектің барша құндылығын жеткізе алмаған, тек теңіздей тереңдіктің бетінен қалқығандай болған шығармыз, дегенмен, оқырман көңілін селт еткізердей әсер етсек, ғұламаның ұлы еңбегіне тағы да бір жұрт назарын аудара алсақ, қазыналы еңбектің қадіріне бойлатардай азды-көпті пайымдама жасай алсақ, көздеген межемізден алшақ кетпегендігіміз.

Салық Зиманов жетекшілік еткен, бас редакторы болған «Қазақтың ата заңдары» еңбегі – біздің баға жетпес байлығымыз, бұл еңбектермен әлі талай ұрпақ сусындап, халқының қадір-қасиетіне қанығатын болады, біз үшін ең үлкен мерейлі жетістік осы болмақ.

Досжан ӘМІР,
ҚР Жоғарғы Сотының судьясы

КОНСТИТУЦИЯ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕГЕМЕНДІГІН ҚОРҒАУДА

Қазақстанның конституциялық дамуына азаматтық қоғам тарапынан қызығушылықтың артуы әлеуметтік, экономикалық, саяси және құқықтық сипаттағы бірқатар факторларға байланысты.

Қаңтардың қаралы оқиғалары және осы жылдың наурыз айында болған ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Жаңа Қазақстан немесе екінші Республика құруға шақырған шын мәніндегі революциялық жолдауы конституциялық реформаны жүргізудің қажеттілігін объективті түрде қалыптастырды, ол біздің еліміздің қолданыстағы Конституциясы қабылданған күннен бастап алғаш рет өткізілген бүкілхалықтық референдуммен аяқталды.



Еркін ДҮЙСЕНОВ,
заң ғылымдарының докторы,
Д. А. Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының профессоры

30 тамызда еліміз мемлекеттің негізгі заңы – Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 27 жыл толуын атап өтеді.

1995 жылы қабылданған мемлекетіміздің негізгі заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекетіміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығының құқықтық кепілі болып табылады.

Конституцияның құқықтық идеялары, принциптері мен нормалары тек жоғары заңды күшке ие және тікелей әрекет етеді, сонымен қатар, біздің еліміздің барлық ағымдағы заңнамасының пайда болуы мен дамуының бастауы болып табылады.

1995 жылғы 30 тамызда қолданыстағы Конституцияның қабылданғанына 27 жыл толуы қарсаңында біздің халқымыз бен еліміздің егемендік және аумақтық тұтастық сияқты мызғымас құндылықтарын Конституциямен құқықтық қорғау бөлігінде кейбір ой-пікірлерімізбен бөліскім келеді. Айталық, ҚР Конституциясының 91-бабының 2-тармағы Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз екенін императивті нысанда айқындайды.

Осы аспектіде мен жоғарыда аталған конституциялық құрылым белгіленген мызғымас құндылықтарға кез келген қолсұғушылықтан құқықтық кепілдік болып табылатындығын тағы бір рет атап өткім келеді (өйткені бұл туралы алдында бірнеше рет жазған едім). Алайда, (және бұл конституциялық құқық теориясында жалпыға бірдей танылған) мемлекеттің тәуелсіздігі мемлекеттің халықаралық қатынастарда толыққанды субъект ретінде әрекет ете отырып, өзінің ішкі және сыртқы функцияларын өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігін болжайды. Со-



нымен қатар, тәуелсіздік – бұл егемендік сияқты мемлекеттік биліктің бірлігі және үстемдігімен қатар элементтердің бірі.

Осылайша, егемендік жоғарыда аталған барлық үш элементті қамтиды және тәуелсіздікке қатысты кеңірек түсінік болып табылады. Сондықтан, егемендік Қазақстан халқы мен мемлекетінің іргелі де түбегейлі мызғымас құндылығы болып табылатынын ескере отырып, Конституцияның 91-бабының 2-тармағындағы «тәуелсіздік» деген сөзді «егемендік» деген сөзбен ауыстыру және осы тармақ келесі редакцияда жазылғаны дұрыс болар еді деп ойлаймын: «Конституцияда белгіленген мемлекеттің егемендігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгермейді». Бұл тұжырым біздің еліміздің егемендігіне, әсіресе қазіргі халықаралық жағдайда, кез келген қолсұғушылықтан күшті және нақты құқықтық кепілдік болады.

Бұл қорытынды Конституцияның 2-бабы 2-тармағының ережесінен қисынды түрде туындайды, оған сәйкес Респуб-

ликаның егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қолсұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді.

Негізгі заңның 3-бабы 1-тармағының ережесі де белгілі бір назар аударуға лайық, онда мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы халық болып табылатыны тікелей белгіленген. Алайда, халық мемлекеттік биліктің жалғыз бастауы ғана емес, сонымен бірге (бұл өте маңызды) егемендіктің иесі. Өз елінің белгілі бір аумағында тұратын адамдар ғана осы мемлекеттің егемендігінің иесі бола алады.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты болашақта Конституцияның 3-бабының 1-тармағы келесі редакцияда жазылғаны дұрыс: «Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі». Осылайша, еліміздің егемендігін құқықтық қорғау күшейтіледі, өйткені, егемендікке кез келген қолсұғушылық Қазақстан аумағында тұратын және жиынтығында біздің мемлекетіміздің көпұлтты халқын құрайтын барлық этностардың бейбіт қатар өмір сүруіне қолсұғушылықты білдіретін болады.

Бұдан әрі ҚР Конституциясының 5-бабының 3-тармағы мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ, заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынатынын белгілейді. Әрине, бұл конституциялық шешім біздің мемлекетіміздің егемендігіне кез келген қолсұғушылықтарға нақты құқықтық кедергі болып табылады.

Сонымен бірге, атап өткім келеді, мысалы, сепаратистік идеялардың субъектілері (тасымалдаушылары) тек қоғамдық бірлестіктер ғана емес, сонымен бірге

дара индивидтер – жеке тұлғалар болуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Конституциясының 34-бабының 1-тармағына сәйкес әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті және ҚР негізгі заңының 20-бабының 3-тармағына сәйкес Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа басұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейтіндігі болса да Қазақстанның заң шығарушысының тек ағымдағы (қылмыстық және әкімшілік, сонымен қатар конституциялық заңнамалық) деңгейде ғана емес ойланатын мәселесінің жеткілікті екенін айтқым келеді.

Сепаратизмге қарсы іс-қимыл мәселесіне неғұрлым мұқият тоқталғым келеді, өйткені қазіргі жағдайда бұл сыбайлас жемқорлық, халықаралық терроризм және діни экстремизм сияқты мемлекетіміздің егемендігіне қауіп төндіретін бірқатар проблемалар да маңызды бола түсуде. Соңғы 10 жыл ішінде мен бұқаралық ақпарат құралдарында бұл мәселені заңнамалық түрде шешу қажеттілігін бірнеше рет айттым. Қазіргі уақытта ҚР Қылмыстық кодексінің 180-бабында ғана сепаратистік әрекет үшін жауапкершілік көзделген. Сепаратизм, сонымен бірге біртұтас мемлекетте автономия құруға бағытталған идеялар, көзқарастар жүйесі және практикалық қызмет, оны басқа мемлекетке қосу үшін аумақтың бір бөлігін бөлу ретінде бүгінде біздің егемендігімізге қауіп төндіреді және оған елдің саяси басшылығы тарапынан да, заң шығарушы Парламент тарапынан да мұқият назар аударуды талап етеді. Мен сепаратизмге қарсы іс-қимыл жеке заңмен реттелуі тиіс деп ойладым және

ойлаймын (бірнеше жыл бұрын Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевқа осындай ұсыныс жасадым).

ҚР ҚК-нің жоғарыда аталған бір бабымен бұл мәселені шешу мүмкін емес. Соңғы уақытта шетелде де, ел ішінде де жиі айтылатын сепаратистік идеялар конституциялық және қазіргі заңнама деңгейінде нақты құқықтық тосқауылға тап болуда. Сонымен қатар, қазіргі уақытта бұл заң Қазақстанда жоғарыда аталған ҚР ҚК-нің 180-бабы, 2005 жылғы 18 ақпандағы «Діни экстремизмге қарсы іс-қимыл» туралы (25.05.2020 ж. жағдай бойынша) және 1999 жылғы 13 шілдедегі «Терроризмге қарсы іс-қимыл» туралы (14.07.2022 ж. жағдай бойынша) заңдар қолданыста болған жағдайда да қажет. Заң шығарушы сепаратизмді ҚР ҚК-нің 180-бабы мен экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы заңның призмасы арқылы ғана қарау ұстанымын қайта қарауы шарт.

Қазіргі Қазақстан – бұл көп ұлтты, көп конфессиялы және көптілді мемлекет, онда барлық этностар, әдетте, белгілі бір нақты аумақта жинақы тұрады, бұл өз кезегінде сепаратистік идеяларды өсіру мен дамыту үшін қолайлы орта болып табылады. Сепаратизмге қарсы күресте бүгінгі күні ең алдымен сепаратизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі алдын алу шараларына қатысты жүйелі және кешенді көзқарас қажет. Бұл сонымен бірге ұйымдастырушылық, идеологиялық, қаржылық, экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, құқықтық және тілдік сипаттағы шаралар жүйесі бекітілуі шарт болатын сепаратизмге қарсы іс-қимыл туралы жеке заң қабылдау қажеттілігі туралы менің идеямды растайды. Сонымен қатар, мен атап өткендей, сепаратизмнің пайда болу мүмкіндігіне әкелетін себептер мен жағдайларды жоюға баса назар аудару керек. Бұл жерде жетекші рөл Қазақстан халқы Ассамблеясына және оның өңірлердегі бөлімшелеріне берілуге тиіс. Дәл осы ҚХА құқық қорғау және арнайы органдармен бірлесіп, еліміздегі сепаратизмге қарсы

іс-қимыл тұжырымдамасын әзірлеп, осы бағытта жұмыс жүргізуі керек.

Бұдан әрі, сепаратизмге қарсы іс-қимыл туралы заң осы заңды іске асыруға жауапты мемлекеттік және жергілікті органдар басшыларының, олардың лауазымды адамдарының жауапкершілігі мен мемлекеттік тәртібін арттыруды көздейтін жағдайда нақты жұмыс істейтін болады. Сондықтан Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және тіпті, ҚР Қылмыстық кодексінде лауазымды тұлғалардың сепаратизмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша шаралар қабылдамағаны және өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігін көздейтін құқық бұзушылықтардың жаңа құрамдарын енгізу талап етіледі.

Бұдан басқа, сепаратизм идеясының тілдік негізде жасанды түрде өсіріліп келе жатқанын ескере отырып, Конституцияның 7-бабының 2-тармағында орыс тілін қазақ тілімен қатар, ресми тіл ретінде пайдалану құқығын қалдырып, осы баптың 1-тармағын «мемлекет құраушы ұлттың тілі ретінде» деген сөздермен толықтыру және оны келесі редакцияда жазылғаны дұрыс деп пайымдаймын: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – мемлекет құраушы ұлттың тілі ретінде қазақ тілі». Мұндай қосымша, мысалы, Ресей Конституциясына 2020 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде енгізілді.

Біздің Конституцияның 7-бабы 1-тармағындағы осы толықтыру біздің негізгі заңымыздың кіріспесіне неғұрлым толық сәйкес келетін болады, онда: «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттік құра отырып...» деп атап көрсетіледі.

Осылайша, Конституция еліміздің негізгі заңы ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық дамуына негіз болатын жеткілікті әлеуетке ие. Алайда, бұл әлеуетті біздің егемендігіміздің берік қорғалуы үшін күшейту қажет.

РЕФОРМАЛАРДАҒЫ ШЫНДЫҚ ПЕН ШИКІЛІК

Ұзақ жылдар бойы сот саласында қызмет еткен тәжірибелі маман ретінде біз кемшіліктің және реформалардың қайталануына әкелуі мүмкін нақты қателіктерді көрсетуге, биліктің негізгі мемлекеттік институттарын реформалауға көмектесуге міндеттіміз деп есептейміз.



**Өмірсерік ҚОЖАБАЕВ,
«ҚР Жоғарғы Сотының Отставкадағы
судьялары» қоғамдық бірлестігінің
төрағасы**

Біз «реформа үшін реформа жасау» қағидатын ұстанатындардың қатарынан емеспіз. Мақсатымыз – Қазақстан Конституциясының барлық нормаларына сәйкес келетін, қоғамның басым бөлігі әділ және теңгерімді деп танитын, тура төрелігінің тиімді іске асырылуын қамтамасыз ететін сот жүйесін құру.

Мемлекет сот және құқық қорғау жүйелерін қайта құру мәселесіне нүкте қою қажет. Қазіргі таңда азаматтық қоғам та-

рапынан сот төрелігіне деген сенімнің төмендеп кеткені өте өкінішті. 30 жылғы реформалар ешқандай нәтиже бермеді, бұл тек іс жүзінде реформалау идеясының өзі болып табылады. Бұлай жалғаса беруі мүмкін емес. АҚШ-тың 16-шы Президенті Авраам Линкольннің «Сіз әрдайым елдің бәрін алдай аласыз. Әрине, бәрін біраз уақытқа алдауға болады, бірақ бәрін әрдайым алдай алмайсыз» деген сөзі бар. Өкінішке қарай, өткен 30 жыл ішінде

жаңадан тағайындалған басшылардың бірінші кезекте саланы реформалауға кірісуі жағымсыз тәжірибеге айналды. Нәтижесінде, біз реформалаудың өзектілігі мен қажеттілігін ескермей жатып тек прогрессивті реформатордың бейнесін жасау үшін бастама көтергіш болып алдық. Бұл құқықтық жағдайды әділ шешудің маңызы зор екенін ұмыттырып, қоғамды «ақымақ қылудың» жолы. Сондықтан жүргізіліп жатқан реформалардың және олардың аралық нәтижелерінің сапасы мен өміршендігіне ұдайы талдау жасап, сол арқылы қалыптасқан тәсілді жойып, нәтиже бермейтін реформалар жүргізіп жатқан басшылардың жауапкершілігін күшейту керек.

ЗАҢДАР НЕГЕ ЖИІ ӨЗГЕРЕДІ?

Соңғы үш жылда екі рет Азаматтық іс жүргізу кодексі қабылданды. Егер бірінші нұсқасы сапасыз болса, онда неге мұндай жұмысқа құқықтық баға берілмеген және ешкімді жауапкершілікке тартпаған? Екінші басылымда түбегейлі не өзгерді? 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілген, осыған ұқсас жаңа Қылмыстық кодекс және Қылмыстық іс жүргізу кодексі қабылданған еді. Алайда, қолданысқа енгізілгенге дейін 6 ай бойы аталған құжаттың әлсіз тұстарын көрсетіп, бірнеше мәрте осы нормативтік-құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістерді ұсындық. Енгізілген реформалар институционалды емес, терминологиялық сипатта болды, бұл олардың дайындығының төмен екенін көрсетеді. Мысалы, «қылмыс» термині «қылмыстық құқық бұзушылық» деп, басқа да терминдер тағы сондай сөздермен ауыстырылды. Айта кету керек, жаңа ҚПК іс жүргізу қызметінің басталуын немесе одан бас тартуды білдіретін ресми актілерді шығарудан бас тартып отыр. Осы арқылы қылмыстық іс қозғау сатысынан бас тартты. Оның орнына сотқа дейінгі қызметтің басталуы тиісті себептің сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркел-

ген сәтімен байланысты болды. Бұл ретте іс-әрекеттің саралануын жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тағайындау кезінде немесе хаттамалық нысанды тағайындау кезінде не істі өндіріске қабылдау кезінде тікелей сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы айқындайды. Мұндай тәртіп өтініш пен хабарламаны бірыңғай тізілімде тіркеуді қиындатты. Өйткені, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімін есептеу процестік қызметтің басталуымен байланыстырылатын болды. Ал қылмыстық іс қозғаудың бұрынғы тәртібі әлдеқайда түсінікті және тиімді болғанын атап өткен жөн. Шын мәнінде, «жаңа» кодификацияланған актілердің мәтіндеріне істер бойынша сот-тергеу практикасын едәуір жақсартатын және қоғамның игілігі үшін қызмет ететін өзгерістер енгізілмеген. Сондай құжатты ұялмастан Ұлы реформаға теңедік! Ал осы реформалар қандай пайда берді? Ешқандай да пайдасы болған емес! Сайып келгенде, жұмыс істемейтін конституциялық әділеттілік қағидасы қаңтардағы қайғылы оқиғалардың триггерлерінің бірі болды. Мұндай жағдайдың қайталануына жол бермеу біздің ортақ азаматтық міндетіміз.

ҮШ БУЫНДЫ МОДЕЛЬ ПРОКУРАТУРАНЫҢ МІНДЕТІ МЕН ФУНКЦИЯСЫН ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТЕДІ

Азаматтық қоғамның сот, құқық қорғау органдарының жұмысына қатысты үлкен талаптары бар екені анық. Лауазымды тұлғалар мен азаматтарды заңсыз жауапкершілікке тарту, азаматтық істер бойынша тапсырыспен шешім шығару жұмыс сапасының төмендеуінің нақты мысалы. Адамдардың ерікті тобын қылмыстық процеске тартып, оларға қылмыстық іс қозғап, кейіннен соттайтын зиянды әрекеттер тоқтатылып, қылмыстық қудалаудың барлық сатысына қатысқан лауазымды адамдар жауапқа тартылуы тиіс. Мұндай тәжірибе біздің тарихымыздың

кеңестік дәуірінде болған және кінәсіз адамдарды қылмыстық жауапкершілікке тартқан адамдар, кем дегенде, қызметінен босатылған. Қазіргі уақытта жүйе жауапқа тартқан кінәсіз азаматтардың қызметтегі өсу жолына балта шабылып, тағдыры тәлкекке түсіп, беделіне нұқсан келіп жатады. Бұған жол берілмеуі тиіс. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев дұрыс атап өткендей, мұндай істер құқық қорғау органдарының қиялынан туындаған. Осы ретте Қылмыстық кодексте әділетсіз үкім шығару, шешім қабылдау, лауазымдық қызметін пайдалану, билікті асыра пайдалану, т.б. үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын ұмытпауымыз керек. Әдетте, барлық маңызды істер бойынша қабылданатын шешімдерге жүйе ведомствосының басшысы рұқсат береді. Бір таңқаларлығы, басшы тапсырманы орындау кезінде кейбір жағдайларда өзінің орынсыз тапсырмасына айрықша мән беру үшін Президент Әкімшілігінің, тіпті Президенттің атын пайдаланады. Бұл Мемлекет басшысының да, Президент Әкімшілігінің де беделіне нұқсан келтіріп, абырой әпермейтін әрекет. Реформалар тиімсіздігінің себептерін зерттей отырып, оларды әзірлеуге жауапты жаңадан құрылған органдарға тоқталғым келеді. Мысалы, құқық қорғау жүйесін реформалау жөніндегі жұмыс тобының басшысы Әсет Исекешевтің 2021 жылғы 8 қыркүйекте «Turan Press» ақпараттық агенттігіне берген сұхбатында «Жұмысты жүйелі түрде жүргізу үшін ғалымдарды, сарапшыларды, кәсіпкерлердің құқықтары мен адам құқықтары жөніндегі уәкілдерді, сала ардагерлерін, танымал заңгерлер мен адвокаттарды және азаматтық қоғам өкілдерін тарттық» дегенін оқып, таң қалдық. Бұл жерде қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізудің жетістігі ретінде қылмыстық қудалауға тартылмаған екі мыңнан астам адамның құқығы қорғалды дегенді алға шығарады. Мұндай санның қайдан алынғаны түсініксіз. Президент Әкімшілігі басшысының атына прокура-

тура органдарының ардагері С.Ерімбетов те хат жолдаған. Онда тәжірибелі маман енгізіліп жатқан үш буынды модель прокуратураның міндеті мен функциясын түбегейлі өзгертетінін және оның жақсы нәтиже бермейтінін атап өткен. Істі тергейтін, тергеу барысын қадағалайтын, іс бойынша негізгі шешімдермен келісетін прокурор әрқашан айыптау үкіміне ие болады. Әлемдік тәжірибені зерделесек, Германия моделі біздің прокуратураның функцияларына сәйкес келмейді. Өйткені, онда прокуратура істі басқарады және толыққанды тергеу жүргізеді. Бұл модель сәтті жұмыс істейтін мемлекеттерде прокуратура атқарушы билік жүйесіне кіреді, айыптау органы болып табылады және қадағалау функциясын жүргізе алмайды. Ал біздің прокуратура атқарушы билік жүйесіне кірмейді және елдегі заңдылық режиміне жауап беретін негізгі мемлекеттік орган саналады. Сондықтан, өткен ғасырдың 90-жылдарында оны тергеу функциясынан босату орынды деп танылды. Соған орай оған тек құқық қорғау функциясы ғана жүктелді. Конституция бойынша ел аумағында заңдардың орындалуын қадағалауды жүзеге асыру функциясы жүктелді. Осы ретте жаңа өзгеріске сай прокуратураға кеңейтілген тергеу міндетін беру оған бұрынғыша айыптау әрекетін кері қайтарумен тең.

ЗАҢ ЖОБАЛАРЫНЫҢ 45 ПАЙЫЗЫ ҒАНА МАМАНДАР ҚОЛДАУЫНА ИЕ

Жалпы мемлекеттік институттарды реформалау саласында туындайтын новеллалар мен үрдістерді мұқият қадағалай келе, біз жұмыс тобы басшылығының түрлі мәлідемесіне қарамастан, топтың сарапшылық құрамының әлсіз екенін, құрамында беделді, тәжірибелі ардагерлердің жоқ екенін және болмағанын мәлімдейміз. Әлбетте, арнайы комиссия мен жұмыс тобының жетекшілеріне құрметіміз ерек. Дегенмен, комиссия төрағасы Е.Қошанов білімі бойынша инженер-механик, эконо-

мист екенін, ал жұмыс тобының жетекшісі Ә.Исекешевтің заң саласында тәжірибесінің аздығын айтқымыз келеді. Сол себепті олардың құқық қорғау және сот жүйесін реформалау мәселелерін терең пысықтауға қажетті тәжірибесі мен құзыреттілік деңгейі жеткіліксіз. Мұндайда комиссияға еліміздегі заң саласында ұзақ жылдар еңбек еткен ардагерлердің білімі мен білігінің, жинақтаған мол тәжірибесінің қажет болары анық. Мұндай топтардың жұмыс нәтижесіне қатысты қойылар сауал аз емес. Президенттің де, мемлекеттік органдардың да беделіне нұқсан келтіретін осындай реформалардың қайталануы – шешімін күткен өзекті мәселе. Тағы бір кереғарлық, Парламент заңдарды қабылдаған кезде Әділет министрлігінің Заң шығару институтында заң жобаларының 40-45%-ы ғана қолдау табады. Ал көрші Ресейде бұл көрсеткіш 90-95%-ға тең. Яғни, заң шығарушы арнайы уәкілетті органның пікірін елемей, Конституцияға қайшы келетін заңдардың тууына ықпал етеді. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аппаратында өз бейіні бойынша құқық қорғау, сот жүйесін реформалау жөніндегі міндеттерді шешуге алатын Президент Әкімшілігінің (ПӘ) мемлекеттік-құқықтық бөлімі, ПӘ құқықтық саясаты жөніндегі кеңес сияқты институттар бар. Ұзаққа бармайтын және ешкімге тиімсіз жаңа органдар (түрлі комиссиялар түрінде) құрудың орнына осы институттарды пайдаланып, олардың кадрлық құрамын бейінді мамандармен күшейту дұрыс емес пе? Осыған байланысты біз судьялардың, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдарының отставкадағы қызметкерлерінің әлеуетін пайдалану қажет деп санаймыз. Сөзіміз негізсіз болмау үшін, біз реформаланған нормалардың әлсіз зерттелгенін айтқымыз келеді. Мәселен, Мәжіліс пен Сенат мынадай норманы қабылдады: «Сот соттылығына сәйкес біртекті істерді қарау кезінде шешімде баяндалған жоғарғы сатыдағы соттың құқықтық ұстанымдары-

на сілтеме жасауға құқылы». Бұл прецеденттік құқықты енгізудің және Қазақстанда қабылданған романдық-германдық құқық жүйесінің қағидаттарын бұзудың, сондай-ақ, Қазақстан Конституциясының 77-бабы 3-тармағының 10-тармақшасын тікелей бұзудың мысалы болып табылады. Онда қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді делінген. Ардагер судьялардың әлеуетін пайдалана алмай отырмыз. Үшінші билік институты жұмысының қыр-сырын жетік біле отырып, Жоғарғы Соттағы реформалауға қатысты істердің қазіргі жағдайын айтпай кетуге болмайды. Мысалы, Жоғары сот кеңесі жанындағы Кадр резерві жөніндегі комиссия Жоғарғы Сот судьяларының және соттар иерархиясы бойынша бір-біріне бағынышты басқа да адамдардың қатарынан құрылатыны белгілі. Бұл комиссия мүшелері маңызды шешімдер қабылдауда тәуелсіздік болуы тиіс. Ал егер оған қызмет атқарып жүрген судьялар қатыстырылса, қандай тәуелсіздік туралы айтуға болады? Бұл комиссия бос судья лауазымына үміткерлерді таңдау кезінде көбінесе сот басшылығының мүддесін қолдап, лайықты судьяларды объективті бағаламауы мүмкін. Дейтұрғанмен, Жоғары сот кеңесі жанындағы Кадр резерві жөніндегі комиссияның құрамын отставкадағы судьялармен толықтыру арқылы бұл мәселені қисынды және оңай шешуге болады. Отставкадағы судьялар конъюнктураға тәуелді емес, үлкен кәсіби және адами тәжірибеге ие, сондай-ақ, көмек көрсету мүмкіндігін бар ынта-жігерімен қабылдайды. Сондай-ақ, Жоғарғы Соттың жанында судьяның жұмысына баға беретін Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссия жұмыс істейді. Яғни, Жоғарғы Сот осылайша Конституцияның 77-бабының 1-тармағында бекітілген судьялардың тәуелсіздігі қағидатын бұза отырып, судьяға өзінің ықпалын тигізеді. Егер Сот төрелігінің сапасы жөніндегі мұндай комиссия қажет болса, сот органдары басшылығына және жұмыс

істеп жүрген судьяларға тәуелді емес, олардан жырақта және тәуелсіз бола отырып, бағалау үшін отставкадағы судьядан артық кім керек? Шындығында, «Судьялар одағы» немесе «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының отставкадағы судьялары» ҚБ сияқты қоғамдық ұйымдар Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамын неғұрлым тиімді қалыптастыруға кәсіби қызмет көрсете алар еді. Құзыреттілік пен кәсіпқойлықтың және ықпал ету тетіктерінің болмауы сот төрелігі сапасына объективті баға беруге көмектеседі. Біліктілік санатын енгізу судьяларды ынталандырады құрамына жұмыс істеп жүрген судьялар кіретін «Судьялар одағы» қоғамдық бірлестігі өз жарғысында көрсетілген міндеттермен айналыспайтынын атап өткен жөн. Жарғыда сот жүйесінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз етудегі әлеуметтік мәселелерді шешу көзделген. Ал Судьялар одағының бар жұмысы мүшелік жарна жинап, сот қызметкерлері арасында спорттық іс-шара өткізіп, сот қызметкерлерін зейнеткерлікке шығаруды ұйымдастырумен ғана шектелуде. Осы сөзіміздің дәлелі ретінде Еуропалық комиссияның әрекетін айтсақ болады. Онда Польша мемлекетіне Польшаның Жоғарғы Сотының тәртіптік палатасын құрғаны үшін 100 миллион еуро айыппұл салу туралы шешім қабылдаған. Еуропалық комиссия пікірінше, судьялардың кәсіби қызметі туралы шешім қабылдай алатын тәртіптік палата құру олардың тәуелсіздігі мен бейтараптығына қауіп төндіреді. Сондай-ақ, судьялардың біліктілік институтын қайта жандандыру және біліктілік санатын беру мәселесін Сот төрелігінің сапасы жөніндегі жаңартылған комиссияға енгізу қажет деп санаймыз. Біліктілік санатын енгізу сот төрелігін іске асыру кезінде судьяларды ынталандыруға және берілген санатына қарай олардың білім деңгейін айқындауға мүмкіндік береді. Белгіленген нормаларға қайшы келетін тағы бір қателік – Жоғарғы Соттың 2011 жылғы 28

қаңтардағы №401-IV «Медиация туралы» заңының 25-1-бабына қатысты «сот актісін орындау сатысындағы медиацияның ерекшеліктері» новелласы. Мұнда тараптар дауды (жанжалды) сот актісін орындау сатысында реттеу келісімін жасасқан жағдайда, атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұруға, тіпті тоқтатып тастауға болатыны айтылған. Конституцияның 76-бабының 3-тармағында соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады делінген. Сот актісі болған кезде, медиацияны емес, актінің мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз еткен жөн. Біз тараптардың сотқа жүгінгенге дейін медиация үшін жеткілікті уақыты бар деп санаймыз. Өйткені, медиация – дауларды шешудің балама тәсілі. Судьялар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде әділ. Әрі тараптар арасындағы қатынасты қандай да бір басқа жолмен реттеу міндетін көздемейтін қолданыстағы заңнаманы ғана басшылыққа алуы тиіс. Сот актісі шығарылғаннан кейін судьяның орындау рәсімдеріне, дауларды реттеу туралы келісімді бекітуге, т.б. қатысы болмауы тиіс. Бұл мәселе сот орындаушының іс-әрекетіне шағым жасау жағдайын қоспағанда, тараптар мен сот орындаушының өзара іс-қимыл аясында қалуы қажет. Қосылғыштардың орны өзгергенімен, қосынды өзгермейді 2018 жылы жарияланған «Сот төрелігінің 7 түйіні» бағдарламасы өндірістік менеджмент пен корпоративтік бизнес ортасына тән креатив пен жобалық тәсілді енгізуге талпынысты көрсетеді. Бір жағынан, біз жаңа идеяларды құптаймыз, бірақ бұл жерде қолданыстағы қағидаларды жаңа пакетте ұсынуға деген ұмтылыс байқалады. Бұл бағдарламадағы бастамалар бұрыннан бар. Жалған жаңа бағдарламаларды ойлап табуға, оларды блоктар немесе кірпіштер деп атауға болады. Бірақ қосылғыштардың орнын ауыстырғанымен, қосындының мәні өзгермейді. Нақты өзгерістер мен реформаға қоғамның сұранысы

болған жағдайда, адамдар мен құқық қорғау, сот қауымдастығына ескі нәрсені жаңа атаумен ұсынуға болмайды. Ең бастысы, 2018 жылдан бері келе жатқан бағдарламаның нәтижесі бар ма? Егер нақты, айқын нәтиже болмаса, онда бағдарламаның толығымен сәтсіз болғаны. Сот жүйесінде жарнамаланған барлық жобаның ішінде азаматтар игілігіне арналған, оң нәтижесі бары, заңнамалық түрде бекітілгені – тек «Түнгі сот» жобасы. Бұл ретте оны енгізуге қосымша ресурстар да, бос лауазымдар да бөлінбеді, оның үстіне Әкімшілік рәсімдік-процестік акті (ӘРПА) секілді қандай да бір кодификацияланған актіні шығару да талап етілмеді. Айта кету керек, мемлекеттік органдардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шығарылған актілеріне шағымдану институты КСРО-ның 1989 жылғы 2 қарашадағы №719-1 «Мемлекеттік басқару органдары мен азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін лауазымды тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттеріне сотқа шағымдану тәртібі туралы» заңнан бастау алады. Бұл заң біздің заманымыздың өзінде АПК-ның 29-тарауы аясында сәтті жұмыс істеді. Осы ретте әкімшілік әділет жұмысының негізгі принципі ретінде соттың белсенді рөлін азаматтық сот ісін жүргізуге енгізу жеткілікті болар еді. Бұл енді қалған соттар оны сот төрелігін жүзеге асыруда қолдана алмайды деген сөз емес қой. Азаматтар бұзылған құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін судьялар қолдан келген бар мүмкіндікті пайдаланып, белсенді түрде жұмыс істейді, барлық шараларды қабылдайды деген үмітпен сотқа жүгінбей ме? Тағы бір айта кетерлігі, жаңадан құрылған әкімшілік соттардың негізгі жұмысы жеке сот орындаушылар әрекетіне қатысты шағымдарды қараумен байланысты. Оларды бұған дейін де азаматтық соттар тез әрі сапалы шешіп тастайтын. Билікті прокуратураның қолына шоғырландыру қате Реформалауды табысты жүргізу – қолданыстағы заңдардың сапасын жақсартумен тамырлас. Ал

ол қоғамдық игілікке бағытталған тәжірибе мен нәтижені талдауға негізделуі, кемшіліктерді ескере отырып жасалуы керек. Таяуда, интернет кеңістікте «Прокуратура туралы» Конституциялық заңның жаңа редакциясын қабылдау арқылы ҚР прокуратура органдарын реформалау туралы ақпарат пайда болды. Бұл да реформалар үшін реформа жасап жатқандай әсер қалдырады. Мысалы, заң жобасында былай делінген: «Прокурордың сотқа дейінгі тергеуді бастауға, істі өз өндірісіне қабылдауға, сотқа жіберуге немесе сотқа дейінгі тергеуді тоқтатуға айрықша құзыретін бекіту» делінген. Бұл жерде қандай айрықша құзырет туралы айтып отырғаны түсініксіз. Сонда прокурордың аталған өкілеттіктері бұрын болмаған ба? Немесе күзетпен ұстау, экстрадициялық және ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын қоспағанда, барлық тергеу әрекеттеріне санкция беру жөніндегі прокурордың өкілеттігі қаралған. Біздің ойымызша, санкция беру сот органдарының қолында болуы керек, өйткені, биліктің бір органы, яғни бұл жағдайда прокуратураның қолында шоғырлануы мемлекет пен қоғамның мүддесіне сәйкес келмейді. Елде орын алған қоғамды басқарудың түрлі салаларындағы кемшіліктер мен олқылықтар нормативтік-құқықтық сипаттағы ықпал ету тетіктерінің болмауынан емес, соңғы жылдары прокуратура органдарының заңдардың біркелкі орындалуын қадағалау жөніндегі тікелей міндеттерінен алшақтап, департаменттерді қызметтерге ауыстырып, түсініксіз құрылымдық өзгерістермен айналысып кетуіне байланысты орын алды. Нормативтік құқықтық актілерді қабылдаудың ерекше тәртібін, оның ішінде өзекті сын-қатерлерге, форс-мажорлық және дағдарыстық жағдайларға байланысты шақыртуларға жедел ден қою үшін оларды мемлекеттік тіркеусіз енгізу мәселесі де таң қалдырады. Бұл сонымен қатар кеңес заманының соғысқа дейінгі жылдарындағы НКВД өкілеттігі сияқты билік

функцияларының бір органда шоғырлануын білдіреді. Егер прокуратура органдары сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау және тоқтату туралы, тергеу әрекеттеріне санкция беру туралы, нормативтік-құқықтық актілерді ерекше шарттармен қабылдау туралы дербес шешім қабылдайтын болса, тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі қолданысын тоқтататын құдыретті саланы қолдан жасап аламыз және жуық арада реформалардың жаңа кезеңі қажет болады. Бизнес қорған сұраса, қарапайым адамдардың күні нешік? Сондай-ақ, бизнесті қорғаудың өзекті мәселесіне тоқталғымыз келеді. Бизнес – экономика тірегі, оның негізгі салық төлеуші және жұмыс беруші екенін толық түсініп, бизнесті қорғау туралы тезиске назар аудару қажет. Біздің ойымызша, бұл тезис арқылы бизнесті басқа да қоғамды құрушылардан бөліп алу дұрыс емес. Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау алаламай, тең дәрежеде тегіс қамтылуы тиіс. Жалпы, бизнесті ерекше қорғау қажеттілігінің астарында бизнесті жеткіліксіз қорғау емес, тұтастай алғанда барлық азаматтардың құқығы мен бостандығының жеткілікті деңгейде қорғалмауы және азаматтар үшін қауіп көзін іздеу қажеттілігі секілді өзекті мәселе жатыр. Егер ауқатты азаматтар, бизнес иелері қауіпке душар болса, онда қарапайым жүргізуші, мұғалім немесе инженер мүлде қорғансыз деген сөз. Бизнеске мемлекет тарапынан қандай да бір жекелеген қауіпсіздік кепілдіктерін беруді кейбір тұлғалар осы зардап шегуді қоғамның элиталық топтарына бөлу және салықтарды, кедендік бажды төлеуге, капиталды шетелге әкетуге мәжбүрлеу ретінде қабылдайды. Бұған жол беруге болмайды. Соңғы кезде мұндай мысалдардың талайын көрдік. Біздің ойымызша, бизнесті қолдау қолжетімді несие беру, салықтық, кедендік жеңілдіктер жасау, тартымды емес, бірақ мемлекетке қажет қызмет түрлерін субсидиялау түрінде көрсетілуі керек. Бірақ мемлекет тарапынан бақылау дең-

гейі төмендемеуі тиіс. Сондықтан, сот, құқық қорғау жүйесін реформалау кезінде осы мәселелер ескеріліп, тексеру жүргізуге мораторий енгізуге, бизнес өкілдерімен түрлі меморандумдар жасасуға, т.б. тыйым салатын пәрменді нормалар енгізу қажет. Заңсыз капиталды қайтаруда сүйенер негіз бар Соңғы тоқталатын мәселе – бұл заңсыз әкетілген капиталды Қазақстанға қайтару мәселесі. Маңыздылығы жағынан біздің мемлекетіміз үшін бірінші кезекте болуы тиіс бұл идея көп айтылып жүр және азаматтық қоғамды қатты қызықтырады. Алайда, нақты қандай жұмыс атқарылды? Бізге Қаржы мониторингі агенттігінде кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру саласын дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы әзірленген. Активтерді қайтару жөніндегі ұлттық үйлестірушіні құру, қандай да бір саясат жүргізу, қажетті құқықтық негізді қалыптастыру туралы айтылады. Бірақ мұның бәрі қасақана немесе сауатсыздықтан алға қойылған міндетті орындаудан жалтару әдісі. Өйткені, жаңа құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау және шығару ұзақ уақыт алады, қаржыны қайтару бойынша нақты нәтижеге қол жеткізбеу үшін тамаша жағдайлар жасайды. Осыған қарап бұрын елімізде бұл мәселеге қатысты заңнама мен нормативтік-құқықтық акті болмағандай көрінуі мүмкін. Алайда бұған дейін барлық қажетті құралдар жасалып қана қоймай, 2014 жылы менің авторлығыммен «Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар (түсініктемелер, нормативтік-құқықтық актілер, халықаралық конвенциялар)» деген еңбек жүйелендіріліп, мемлекеттік және орыс тілінде басылып шыққан болатын. Сот, құқық қорғау жүйелерін жаңғыртудағы жоғарыда аталған кемшіліктер соңғы реформаларда орын алған кемшіліктің бір парасы ғана. Ал жаңа Қазақстанды құру – оның барлық институттарын жүйелі, сапалы, ауқымды реформалауды көздейді.

СОТСЫЗ ТАТУЛАСУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Татулық пен бірлік, кешірімділік халқымыздың өмір сүру салтына дендеп енген, билер институтының алтын қазығы. Бұған бабаларымыздың ежелден «Бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде», «Ырыс баққан дау бақпас», «Ырыстың шашылмауы ымырашылдықта» қағидаларының ұстанғаны, соған сай, қандай істе де бітімгершілікке, татулыққа бейім тұрғаны дәлел. Дана билер қазақ даласында дау-жанжалды өзара келісіммен реттеу мәдениетін нық қалыптастыра алды деуге толық негіз бар.



Серік ДЖУМАБАЕВ,
Маңғыстау облыстық
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының төрағасы

Соңғы жылдары қазақ билерінің дау шешудегі осынау тамаша тәсілі, яғни, бітімгершілік ұстанымы тәуелсіз Қазақстанның заңдарында қайта жаңғыртылып, қарқынды дамытылуда. Сот жүйесі мемлекеттік биліктің үш тармағы болғандықтан, келешегімізді билер сотынан бөліп қарай алмайтынымыз анық жайт. Өйткені, сот жүйесінің рухани өрлеуінің алтын арқауы – билердің әділ төрелігінде, шешендік өнерінде

жатқанын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Қазақстан заңдарының заманға сай жаңғыртылуы өз кезегінде заманауи сот жүйесіне жаңа серпін берді. Медиацияны дамытуда ҚР Жоғарғы Соты тарапынан қолға алынған жобалар өзін-өзі ақтап жатыр. Дауды дәстүрлі қазақ құқығы аясында шешуге бағытталған билер кеңесі мен сотсыз татуласу орталықтары республикамыздың түкпір-түкпірінде құрылып, сонымен қатар, ел соттарында судья-ме-

диаторлар табысты еңбек етуде. Билер кеңесі, сотсыз татуласу орталықтары, судья-медиаторлар, бұлардың қай-қайсысы болсын тараптарға келіссөз жүргізуге, екі жаққа да қолайлы шешім қабылдауға жан-жақты бағыт береді

Бүгінде дау-дамайды заң аясында татуластыру тәртібімен шешу қоғамымызда тиімділігін көрсетіп жатыр деп нық айта аламыз. Әсіресе, әкімшілік процестегі татуласу мүмкіндіктері азаматтарға да, органдарға да өзінің қолайлылығын байқатуда. Мемлекеттік орган немесе оның лауазымды тұлғасының туындаған мәселені азаматтармен өзара мәмілеге келе отырып шешуі қашан да маңызды.

Бұл тұрғыда азаматтарға әкімшілік органмен дауды алдын ала қарастыру мүмкіндігі, заң нормалары түсіндіріледі. Мысалы, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің нормаларына сай, дауды татуласу, медиацция, партисипативтік рәсімдермен реттеу туралы келісім арқылы аяқтауға болады. Бұл үшін тараптар сот шешім шығаруға кеткенге дейін аталған рәсімдердің өздеріне тиімдісін таңдауға құқылы. Бұған қоса заңда жауапкердің әкімшілік қалауымен де татуласу мүмкіндігі қарастырылған. Аталған рәсімдердің барлық түрі жазбаша жасалады.

Дауды реттеу туралы келісім сот процесі кезінде, сондай-ақ, соттан тыс тәртіпте де жүзеге асырылып, оларда мәжбүрлеу тәртібімен орындату, татуласу шарттары мен сот шығыстары, өкілдер қызметіне төленетін ақы, т.б. көрсетіледі. Дау-жанжалды бітімгершілікпен шешу мақсатында судья тараптарға процестің барлық кезеңінде көмек береді. Дауды ЭРПК-мен бекітілген келісімдер аясында бекіту туралы өтінішхат сот процесінде немесе алдын ала тыңдалып, қаралады. Нәтижесінде келісімді бекіту немесе одан бас тарту туралы ұйғарым шығарылады.

Татуласу, медиацция, партисипативтік рәсім тәртібімен жасалған келісім шарттары заңға қайшы келген, сондай-ақ, өзге адамдардың құқықтары мен бос-

тандықтарын, заңды мүдделерін бұзған жағдайда ол сотпен бекітілмейді.

Тараптар ортақ келісімге келмеген жағдайда іс жалпы тәртіпте талқыланады. Медиацция туралы келісімнің шарттары талқыланғанда хаттама жасалмайды. Дауды өзара келісіммен бітіру рәсімдері республика заңдарына және жоғарыда аталған кодексте белгіленген ерекшеліктер негізінде жүргізіледі. Ең бастысы татуластыру шараларын қолдану ешкімнің де сотқа бару құқығын шектемейді.

Қазақстанның басты байлығы адам. Оның құқығы мен бас бостандығы Конституциямен кепілдендірілген. Демек, ел халқы бабаларымыздан жеткен асыл құндылық – бітімгершілік институтының мүмкіндіктерін пайдалануға барынша ұмтылса, береке-бірлігіміз еселене түсері анық.

Дауды келісіммен бітіру екі жаққа да тиімді. Өйткені, олар түрлі сот инстанцияларына шағымданып, өздерінің алтын уақыттарын, денсаулықтарын жоғалтпайды. Өзара жақсы қарым-қатынаста қалады. Яғни, «Ұрыс тұрған жерде ырыс тұрмас» деп халқымыз айтқандай, ұрыс азайса, елдің ырысы да артады. Сонымен бірге, мемлекеттік баж сомасы қайтарылып, татуластыру рәсімдерін жүргізу нәтижесінде жасалған келісім ерікті түрде орындалады. Келісімшарттарының мәжбүрлі түрде орындалуына тараптардың өздері жол бермеулері керектігі кеңінен түсіндіріледі.

Дауды татуластыру рәсімдерін қолдану арқылы аяқтағанда тараптардың әрқайсысы өзі үшін тиімді шешімге қол жеткізіп қана қоймайды, олардың дауласушылық деңгейі де төмендейді.

Билер соты дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан билік институтының құқықтық нормаларды реттеудегі озық үлгісі. Оларды ұрпақтан-ұрпаққа насихаттап жеткізу басты мақсат. Осы мақсатта медиацция институтының тәжірибеге еніп, жаңғыртылуы әділдік пен ашықтықтың тиімді тәсілі екенін дәлелдеуде.

СОТ САРАПШЫСЫ ҚАЖЕТТІ МАМАНДЫҚ

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көп салалы мемлекеттік орган және әділеттік сұрақтар бойынша неше түрлі мәселелер осы министрліктің түрлі салаларында шешіледі. Сондай салалардың бірі Сот сараптама орталығы және оның қалалық (Астана, Алматы, Шымкент), аймақтық (облыстық) сот сараптама институттары.



А.АЙДАРКУЛОВ,
Алматы қаласы бойынша
Сот сараптама институтында
сараптама бақылау бөлімінің
жетекшісі, м.ғ.к., доцент

Соңғы 6-7 жылдың ішінде ҚР Үкіметінің және Әділет министрлігінің бастамасымен осы орталыққа барша сараптама салалары біріктірілген. Мәселен, жоғарыда көрсетілген мерзімге дейін ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне қараған сот медициналық, сот психиатриялық, сот наркологиялық сараптамалар осы орталыққа біріктірілген. Бұл саланың жұмысы, ұйымдастыру мәселе-

лері 2017 жылдағы ақпан айының 10 жұлдызында №44 санымен шыққан «ҚР Сот сараптамасы туралы» заңымен реттелген. Бұл заңның өзгешелігі мемлекеттік сараптама саласымен қатар, лицензиямен жұмыс жасайтын сарапшылар және сарапшылар палатасының жұмысы және ұйымдастыру мәселелері жеке баптармен реттелген.

ҚР ӘМ РМҚК Сот сараптама орталығы-

ның ең ірі аумақтық құрылымдарының бірі Алматы қаласы бойынша Сот сараптама институты болып табылады. Бұл Институт жалпы орталыққа қарасты сараптама саласының көлемінің 5/1-ін орындайды деуге негіз бар. Мәселен, ағымдағы жылдың 6 айында институтта қаулымен, анықтамамен түскен 15346 сараптама жасалған. Оның 4218-і сот сараптамасы, 10353-і сот медициналық сараптама. Әрине, осыншама сараптама жасау мамандарға байланысты. Сараптама саласын білікті сарапшылармен қамтамасыз ету мәселесі осы заңның 58-бабында қамтылған.

Сарапшылардың біліктілігін арттыру алыс-жақын шетелдік сараптама ұйымдарында, конкурс арқылы Республикамыздың жетекші университет, институттарында өткізіледі. Сондай-ақ, уақыты келгенде сарапшылар да зейнетке шығады, жанұялық жағдаймен басқа мемлекетке кетеді, қайтыс болады, басқа жұмысқа ауысады деген сияқты бұл саланы да жас мамандармен толықтырып, қамтамасыз ету қажет.

Техникалық салалар бойынша жас мамандарды сот сараптама жұмысына қабылдап біліктілігін асырып сарапшы мамандығына қабылдау жолға қойылған. Бірақ, бұл саланың түйткілдік мәселелерінің бірі, көп сарапшылар жеке меншік болуға тырысады. Өйткені, жеке өзіне істесе айына 2-3 сараптама жасаса, мемлекеттік сараптамада айына 15-20 сараптама жасағанда алатын айлығына тең жалақы алады.

Медициналық университет, институттарда интернатураны бітірген маман сот медициналық сарапшы болуы үшін екі жылдық резидентураға түсуі керек. Сол резиденту-

раны бітірген соң емтихан тапсырып сот медициналық сарапшы мамандығын алады. Резидентураны болашақ сарапшының өз есебінен оқуы оңай емес. Мәселен, Алматы қаласындағы С.Асфендияров атындағы медицина университетінде сот медициналық резидентураның екі жылдық бағасы 4 миллион теңгеден асып жығылады. Мұндай қаржыны екіншісі бірі көтере алмайды. Осы резидентураны мемлекеттің есебінен оқытуға болады ғой.

Ол үшін Қазақстандағы медициналық университет, институттардың барлығында дерлік резидентура бөлімдері бар. Сондықтан аймақтық сот сараптама институттарының директорлары дер кезінде жылдың басында, қаңтар айында Білім беру министрлігіне керекті сот медициналық резидентураға грант бөлу туралы өтінім жасауы керек. Өз кезегінде министрлік аймақтық медициналық университет, институттарға мемлекеттік грант бөледі. Осы мәселе жолға қойылса жас мамандарды сарапшылыққа тарту жеңіл болар еді.

Екінші мәселе, медициналық университет, институттарда сот медицинасы негізгі, міндетті пәндер тізімінде жоқ. Өйткені, бұл пән білім беру стандартына енгізілмеген. Бірақ, жылда осы стандарттағы пәндер тізімі қайта қаралып отырады. Сондықтан, өркениетті мемлекеттердегі сияқты бұл пәнді стандартқа енгізу қажет. Сонда студенттерде сот медициналық сарапшы туралы түсінік пайда болады. Оның үстіне жалпы медицина саласында білім алатын барша студенттер келешекте керек болатын сот медициналық сараптамашы мамандығы бойынша да білімді игереді.

АННОТАЦИЯ

Мақалада сот сараптама институтының жұмысы және сараптама саласында жұмыс істейтін сарапшылар туралы мәселе көтерілген.

Түйін сөздер:

сот сараптамасы, сот медициналық сараптама, заң, қаулы, анықтама.

ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫЛАРҒА ТАРАПТАР КӨҢІЛІ ТОЛМАЙДЫ

Әкімшілік әділет институтының қолданысқа енгізілгеніне бір жыл болды. Осы уақыт аралығында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің маңызын түсіндіріп, жаңа әкімшілік соттардың жұмысын жандандыруда ауқымды іс-шаралар қолға алынды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың әкімшілік соттарды құру барысында алға қойған мақсаттардың ең негізі жария құқықтық дауларда азаматтар мен бизнесті мемлекеттік органдардың теріс әрекетінен қорғауда жақсы нәтижелерге қолжеткізілді. Оған статистикалық көрсеткіштерді сараптап көз жеткізу қиын емес.



Гүлжан МЫРЗАТАЕВА,
Қызылорда облыстық
мамандандырылған
ауданаралық
әкімшілік сотының төрағасы

Бір жыл ішінде соттың қарауына түскен әкімшілік істер бойынша әрбір екінші істе талап қоюшылардың талаптары қанағаттандырылып, азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары қалпына келтірілген. Осы санаттағы істердің бұрын 80 пайызынан астамы мемлекеттік органдардың пайдасына шешіліп келген. Бұл көрсеткіш әкімшілік соттардың үдеден шыққанын, халық сеніміне ие екенін дәлелдейді.

Бүгінге дейін атқарылған жұмысты қорытындылау әкімшілік әділет институтының жетістіктері мен кемшіліктерін сараптауда,

алдағы атқарылар шараларды пысықтауда маңызды. Жаңа соттарға түскен талап қоюлардың мазмұнына қарап мемлекеттік органдардың, әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың қызметінің сапасын әлі де жетілдіру керектігін аңғаруға болады.

Әкімшілік соттарда қаралған істердің басым бөлігін сот орындаушылардың әрекеттері мен әрекетсіздігіне қатысты даулар құрайды. Бұл барлық аймақта қалыптасып отырған жағдай. Статистикалық мәліметтер бойынша, әкімшілік соттарда таразы басына түскен істердің үштен бірін сот орындаушы-

лардың әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне байланысты шағымдар құраған. Сөзіміз дәлелді болу үшін Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының деректерін келтіре кетейік. 2021 жылдың екінші жартыжылдығында сотқа жеке сот орындаушыларға қатысты 89 талап қою туралы арыз түскен. Былтырғы жылмен салыстырғанда, биылғы жылдың алты айында жеке сот орындаушылар әрекетіне шағымданушылар азая қоймады. Керісінше, 2022 жылдың 6 айында сот орындаушылар ісіне көңілі толмағандардан 93 талап қою арызы түскен.

Ерекше атап өтерлігі, соңғы уақытта жария-құқықтық даулар бойынша тараптардың бітімге келуі, өзара татуласу дерегі көбейген. Биылғы жылдың алты айында 32 әкімшілік іс бойынша тараптар медиациялық келісімді бекіткен. Сонымен қатар, алдын ала тыңдау барысында даулары өзара шешіліп, талап қоюларын қайтарып алу фактілері де жиі орын алды. Бұл әкімшілік соттардың тараптарды татуластыруда, дауды бітімгершілікпен бітіруде оң тәжірибе қалыптастырғанын көрсетеді. Сондай-ақ, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне жаңадан енгізілген соттардың белсенді рөлі қағидатын кеңінен қолданудың нәтижесі. Жалпы, жеке сот орындаушыларға қатысты арыз-шағымның көбею себебі – азаматтар жеке сот орындаушылардың әрекетіне көңілі толмаса, әрекетсіздігіне тап болса, бірден сотқа арызданады. Бұл дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінің заңнамалық тұрғыда қарастырылмауына байланысты. Егер азаматтар алдымен аумақтық сот орындаушыларының палатасына жүгініп, мәселені шешуге тырысқанда, мұндай істердің басым бөлігі сотқа жетпей шешілетін еді.

Осы мақсатта соттар мен сот орындаушылар платасының арасында осы санаттағы дауларды өзара келісіммен шешу, болдырмау мақсатында 2022 жылы меморандум жасалды. Меморандум шеңберінде сотқа түскен талап қою арыздары сот орындаушылардың палатасына арнайы бекітілген татуластыру комиссиясында қарау үшін жолданып келеді. Бұл тұрғыда жеке сот орындаушылардың әрекеттеріне қанағаттанбаған жағдайда, алдымен палатаға арызданып, ол жерде мәселе шешілмесе, сотқа жүгіну тәртібін енгізу тиімді болары сөзсіз. Сонда даулардың саны едәуір азаятыны анық.

Сот орындаушылар әрекетіне дау келтіру

туралы істерді қараған кезде, олардың тарапынан жиі кездесетін кемшіліктер анықталып, олар бойынша тиісті шараларды қолдану үшін жеке ұйғарымдар қабылданады. Бұлардың көп бөлігі атқарушылық іс жүргізу тәртібін бұзу фактілеріне байланысты. Мәселен, егер атқарушылық іс өндірісін қозғау мерзімі өткен болса, сот орындаушылар атқару парағын заң талабына сәйкес қайтаруы тиіс. Дегенмен, сот орындаушылар мерзімі өткен атқару парақтары бойынша өндірісті қозғаған фактілер кездесті. Ол істер бойынша жеке сот орындаушылар бізге сотпен атқару парағының телнұсқасы ұсынылған деп негіздейді. Алайда, атқару парағының телнұсқасы ол атқару парағын орындауға ұсыну мерзімін қалпына келтіру құжаты болып танылмайды. Ол жөнінде бөлек сот ұйғарымы болуы тиіс және ол атқарушылық өндіріске тіркелуі тиіс.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 10-бабы 2-тармағы 6), 7) тармақшасы бойынша сот орындаушы қаулысында қабылданатын шешімнің заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтемесі бар негіздемесі, мәселенің мәні бойынша қабылданған шешімді көрсететін қаулының қарар бөлігі жазылып көрсетілуі тиіс. Әділет министрінің 2019 жылғы 28 наурыздағы №148 бұйрығымен бекітілген қаулыларға жеке сот орындаушылардың қаулылары үлгілік нысандарының 24, 28-қосымшаларына сәйкес келмейді. Алайда, дауланатын қаулылардың көп бөлігі негізделмеген, уәждемеленген болып кезедеседі, қаулыда тиісті сілтемелер де жасалмайды. Сонымен қатар, қаулылардың екі тілде жазылуы орын алған, ол да бекітілген талапқа қайшы.

Осы заңның 62-бабының 6-тармағына сәйкес, борышкердің банктік шотындағы ақшасына атқарушылық санкцияны, орындау жөніндегі шығыстарды және жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеуді ескере отырып, атқарушылық құжатты орындау үшін қажетті сомада тыйым салынады. Алайда, жеке сот орындаушылар борышкерлердің банктік шоттарындағы ақша қаражаттары туралы ақпараттарды сұратып алғаннан кейін, оның тек нақты қарызы көлемінде тыйым салмайды, есепшоты бар барлық шоттарына атқару парағында көрсетілген сома көлемінде тыйым салып тастайды. Бұл өз тарапынан борышкердің бірнеше есеп шоттарындағы ақша қаражаттарына артық көлем-

де тыйым салынуына соқтырған. Банктік шоттағы тыйымдар бойынша атқарушылық өндіріс барысында жеке сот орындаушы борышкердің жұмыс жасайтынын тексеріп, оның айлық табысы туралы анықтамаларды жұмыс орнынан алдырса да, олардың айлық табысы түсетін банктік есепшоттары нақты анықталып, борышкердің айлық табысына 100% мөлшерде тыйым салынуына жол берілмес еді. Бұл да өз кезегінде дауларды тудырған. Мерзімдік төлемдерді төлеу бойынша тыйым тек берешек қалыптасқан кезде салынады, алайда сот орындаушылар істі қозғаған кезден бастап тыйым салады. Берешекті анықтау туралы қаулылар бойынша сот орындаушылар зейнетақы қорына және жұмыс орындарына жалақысы туралы сұраныс жасамай, қарыз есебін негізсіз орташа айлықпен есептеп, өндіріп алушының құқығын бұзған жағдайлар кездесті. Жеке сот орындаушылар өздерінің әрекеттерін борышкер жұмысы туралы анықтама бермеді деп негіздейді, ал бұл жағдай даудың туындауына себеп болады.

Өндіріп алушы борышкермен өзара келісіп, атқару өндірісін тоқтату туралы келісімге келген кезде, сот орындаушылар көбіне тоқтату мен атқару парағын қайтару салдарын түсіндірмейді. Сол себепті сот орындаушы арыздағы тоқтату деген сөздерді негізге алып, өндірісті тоқтатады. Атқарушылық өндіріс тоқтатылған кезде, оны қайта жаңғырту мүмкіндігі жойылады. Сот барысында өндіріп алушының негізгі ниеті келісім бойынша атқару парағын уақытша қайтару болғаны анықталады. Бұл көп жағдайда алимент өндіру туралы дауларда туындайды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 79-бабы бойынша, әкімшілік акт заңды және негізделген болуға тиіс. Қылмыстық-атқару кодексінің 50, 51-баптарына сәйкес, сотталған адам айыппұлды үкімде белгіленген мерзім ішінде төлейді. Егер сотталған адам айыппұлды сот белгілеген мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, жазаны орындайтын орган (сот орындаушысы) айыппұлды мәжбүрлеп орындату жөнінде шара қабылдайды. Яғни, айыппұлды сот белгілеген мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда ғана жеке сот орындаушы айыппұлды мәжбүрлеп орындату жөнінде шара қабылдауы тиіс. Алайда, сот орындаушылар белгіленген мерзім өтпей айыппұлды мәжбүрлеп орындау шараларын қолданған фактілер орын алған.

Сонымен қатар, осы істерді қарау барысында тараптар арасындағы бекітілген келісімшартты жарамсыз деп тану туралы сот шешімдері бойынша атқарушылық іс өндірісі қозғалған жағдайлар кездесті. Бұл тұрғыда келісімшарттар жарамсыз деп сотпен танылса, сот актісінің бұл бөлігі бойынша, сот шешімі заңды күшіне енген уақыттан бастап, келісімшарт жарамсыз болып табылады. Яғни, ол бойынша атқарушылық өндіріс қозғалмайды. Осы себепті негізсіз қозғалған атқарушылық өндірістер бойынша жеке сот орындаушылардың өздеріне ақы өндіру туралы қаулылар бұзылады.

Жоғарыда аталған заңның 48-бабының 6-тармағында атқарушылық құжатты мәжбүрлеп орындауға берудің осы заңның 11-бабында көзделген мерзімі өткен жағдайларда мәжбүрлеп орындату шараларының күші жойылуға жататыны бекітілген. Атқарушылық іс жүргізу туралы заңның 11-бабы бойынша сот актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқарушылық парақтар үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындату мерзімі бекітілген. Яғни, атқарушылық өндірісі «Атқарушылық іс жүргізу туралы» заңның 48-бабы, 2-тармағының талабы негізінде қайтарылған кезде, атқарушылық өндіріс бойынша барлық мәжбүрлеп орындату шараларының күші орындау мерзімі аяқталған уақытта жойылуы тиіс. Дегенмен, жекелеген істер бойынша борышкерлердің бірыңғай тізілімнен алынбай қалу, тыйымдар шешілмей қалу фактілері орын алғаны анықталды.

Жеке сот орындаушылар қызметін жандандыру үшін сотта нақты іс-шаралар қолға алынуда. Осы мақсатта аймақтағы жеке сот орындаушылар палатасымен дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, кемшіліктерді бірге талқылап, бірігіп шешуге қадам жасап отырмыз. Өйткені кемшіліктердің жүйелі түрде қайталануы палатада жеке сот орындаушылар жұмысына қадағалау аздығын, қатемен жұмыс қолға алынбайтынын көрсетеді. Заң бұзушылықтар жалғаса бермес үшін, соттар кемшілікке жол берген жеке сот орындаушыларға қатысты жекеше ұйғарым қабылдап, ақшалай өндіріп алу процестік мәжбүрлеу шарасын қолданып келеді.

«Күш – бірлікте» дейді бабаларымыз. Сол айтпақшы, жария-құқықтық даулардағы кемшілікпен бірігіп күрескенде ғана әкімшілік әділеттің жұмысы нәтижелі болады анық.

КӨППӘТЕРЛІ ҮЙДІҢ КОНДОМИНИУМ ОБЪЕКТІСІН БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА НЫСАНЫ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға өзгеріс енгізілді. Осы құжаттың 42-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, кондоминиум иелері мүлік иелері бірлестігінің немесе көппәтерлі үйдің жай серіктестігінің кондоминиум объектісін басқарудың жаңа нысанын белгілейді.



Қолданыстағы ПИК (әрі қарай – пәтер иелерінің кооперативі) керек МИБ (әрі қарай – мүлік иелерінің бірлестіктері) немесе ҚС (әрі қарай – қарапайым серіктестік) ауыстырылады. Олар схема бойынша жұмыс істейтін болады: бір үй – бір басқару органы (МИБ немесе ҚС) – екі банктік шот (ағымдағы және жинақ).

Бірінші кездесуде пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері:

- кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп ұстау бойынша пәтер, тұрғын емес үй-жай иелерінің мүдделерін қорғайтын үй кеңесінің мүшелері;
- кондоминиум объектісін басқару ны-

саны немесе басқару формасын таңдау үшін осындай өкілетті үй кеңесіне беру.

Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері басқарудың екі формасының бірін таңдауға міндетті:

1. Мүлік иелерінің бірлестігі (бұдан әрі – МИБ) – тұрғын емес үй-жайдағы пәтер иелері құрған заңды тұлға;

2. Қарапайым серіктестік – заңды тұлға құрмай, пәтерлердің және тұрғын емес үй-жайлардың барлық иелерін тікелей бірлесіп басқару. Бұл ретте, кондоминиум нысандарын басқарудың екі нысаны да «бір үй – бір бірлестік немесе жай серіктестік – бір шот»

қағидаты бойынша жұмыс істейтін болады, бұл мүлік иелерінің әр бірлестігі немесе жай серіктестік өзінің ағымдағы және жинақ ақшаларын ашатындығын білдіреді.

Жалпы отырыста МИБ төрағасы; тексеру комиссиясы (тексеруші), МИБ төрағасы пәтер, үй-жайлар иелерінің арасынан сайланады. Құрылыс пәтерге басқару функцияларын орындайды, қызмет субъектілерімен қызметтер көрсету үшін дербес шарттар жасасады. Ол пәтер иелері арасынан бір жылдық мерзімге сайланады. Төраға әділет органдарында тіркеледі; тұрғын емес үй-жайларды жалға алушылар мен иелерінің тізімін қалыптастырады, мердігерлермен шарттар жасайды; тұрғындардың шешімдерін орындайды; Жиналыс пен үй кеңесі қабылдаған шешімдер туралы ақпаратты жалпы қолжетімділік орындарда орналастырады; екінші деңгейдегі банктерде ағымдағы және жинақ шоттарын ашады; тұрғындар мен мердігерлердің міндеттерін орындауды бақылайды; жиналыстарда тұрғындарға айлық және жылдық есептерді ұсынады; кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүліктерін күтіп ұстауға байланысты басқа функцияларды орындайды.

МИБ төрағасы барлық соттарда, мемлекеттік органдарда және ұйымдарда сенімхатсыз өкілдік етуге құқылы. Оның еңбекақы мөлшерін жиналыста көп пәтерлі үйдің барлық иелері келісіп шешеді.

ПИК-тен МИБ-не көшу жөніндегі жалпы жиналысты бастауға кім құқылы?

Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналысы ПИК-тен МИБ-ке көшу туралы немесе басқа мәселелер бойынша үй кеңесінің, қарапайым серіктестік сенімгерінің бастамасымен немесе тексеру комиссиясының талабы бойынша шақырылады. Немесе пәтерлердің, тұрғын емес үй-жай иелерінің кем дегенде 10 пайызының өтініші бойынша немесе тұрғын үй инспекциясының өтініші бойынша өтеді. МИБ құру үшін жергілікті әкімдікке жүгінудің қажеті жоқ, пәтер, тұрғын емес үй иелерінің жиналысын өткізу жеткілікті.

Егер пәтерлердің, көп пәтерлі тұрғын үйдің тұрғын емес үй-жайларының иелері 2019 жылғы 26 желтоқсандағы қабылданған заң күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде

МИБ немесе қарапайым серіктестік құрмаса, онда жергілікті атқарушы орган кондоминиум объектісін басқару нысанын таңдау үшін пәтерлердің, көп пәтерлі тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің жиналысының өткізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Сонымен бірге, пәтер иелерінің кооперативі (ПИК) автоматты түрде жойылмайды. Бірақ басқарушы немесе қызмет көрсететін компаниялар болып қайта құрылуы тиіс. Қазірдің өзінде олар жаңа мәртебеде үйлерді күтіп ұстау бойынша өз қызметін жалғастыруда. Құрылған МИБ немесе қарапайым серіктестіктер олармен келісім жасау-жасамау туралы шешімді дербес қабылдайды. Егер бұрын ПИК көп пәтерлі үйдің ортақ мүлкін күтіп-ұстау бойынша қызметтерді тапсырыс беруші және мердігер ретінде әрекет еткен болса, онда МИБ тек тапсырыс беруші ретінде әрекет етеді. Жұмыскерлер саны көп болмайды. Яғни, жалға алушылар басқару немесе қызмет көрсету ұйымдарын тартып, мердігерлермен, коммуналдық қызметтермен шарттар жасайды және орындалатын жұмыстардың көлемі мен түрлерін және олардың кондоминиум нысаны үшін төлемдерін бақылайды.

МИБ тіркеу үшін құжаттарды қалай дұрыс ресімдеу керек Құжаттарды дайындаған кезде ҚР ИИДМ-нің 2020 жылғы 30 наурыздағы №163 бұйрығымен бекітілген ережеге сәйкес мәжіліс хаттамасының және сауалнама парақтарының стандартты нысандарын қолдану қажет. Дауыс беру парақтары хаттамамен бірге нөмірленіп, тігілуі керек. МИБ жарғысы тіркеуші органға екі тілде ұсынылуы керек: мемлекеттік (2 дана) және орыс (2 дана). Жарғыны әзірлеу кезінде пәтер иелерінің өмірін жеңілдету үшін жасалған мүлік иелері ассоциациясының үлгі жарғысын негізге алу да оңай.

Егер пәтер иелері өздерінің МИБ жарғысын өз бетімен әзірлеуді шешсе, онда Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңының негізгі нормаларын енгізу қажет.

Ансар ПИРМЕТОВ,
Түркістан облыстық Әділет
департаментінің тіркеу қызметі
саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету
және бақылау бөлімінің басшысы

ӘР БАЛА БАҚЫТТЫ БОЛУҒА ЛАЙЫҚ!

Отбасы құндылықтары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақы әдет-ғұрпымызға негізделеді. Бұл отбасын берік ететін сезімдер.



Жаһандану дәуірінде элеуметтік қатынастардың динамикалық өзгерістері орын алуда. Осыған байланысты неке-отбасы қатынастары, ер мен әйелдің отбасындағы рөлі, жалпы, барлық отбасылық құндылықтардың жиынтығы өзгере бастады.

Отбасы институтының дағдарысын отбасы мүшелерінің экономикалық, психологиялық, репродуктивті, тәрбиелік, бос уақытты және басқа да көптеген дәстүрлі функцияларын жоғалтуы мен жеткіліксіз орындау әрекетін байқауға болады. Бірақ, бүкіл әлемде отбасы институтының ең ауыр машақаты – ажырасу санының артуымен өзектес. Өкінішке орай, бұл мәселе біздің елде де өткір тұр.

Ажырасудың салдары балаларға да, ерлі-зайыптыларға да теріс әсер етеді. Кәмелетке толмаған балалар мен кәмелетке толған еңбекке жарамсыз балалардың

құқықтары мен мүдделерін басымдықпен қорғау – неке және отбасы заңнамасы негіз болатын қағидаттардың бірі болып табылады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауында 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Мемлекет басшысының айтуынша, осы жылы балаларға ерекше көңіл бөлу керек. Әрі осы дәстүр кейінгі жылдары да жалғасуы керек. Балалардың амандығы – мемлекетіміздің табысты болашағының сенімді кепілі. Осыған орай Үкімет Балалар жылына арналған іс-шаралар жоспарын бекітіп, осылайша биыл мемлекет

тарапынан балаларға ерекше көңіл бөлінді.

Өз кезегінде, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 138-бабына сәйкес, ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағу тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды. Бұл ретте ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде білім алатын кәмелетке толған балаларын күтіп-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасасуға құқылы. Егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын асырап-бағуға өз еркімен көмек көрсетпеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады. Содан кейін сот атқару құжатын жазып береді және орындау үшін сот орындаушысына ұсынылады.

Өкінішке қарай, алимент өндіріп алу туралы атқарушылық өндірістердің саны жыл сайын артып келе жатыр. Мәселен, 2020 жылы Ақмола облысының жеке сот орындаушыларының орындауында 11 172 атқарушылық құжат болса, 2021 жылы 12 141 құжат болды. Атқарушылық іс жүргізуде атқарушылық іс жүргізудің осы санаты әлеуметтік маңызы бар санатқа жатады.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңда алименттерді өндіріп алу тәртібі регламенттелген. Барлық алимент төлемдері бойынша берешекті өндіріп алу алимент төлеушінің жалақысынан және басқа да табыстарынан жүргізіледі.

Алимент бойынша берешектің мөлшерін сот орындаушысы өндіріп алу кезінде борышкер алатын нақты жалақыны (кірісті) негізге ала отырып, шешімнің орындалатын жері бойынша айқындайды. Бұл ретте алимент борышкердің жалақысының 50%-дан аспайтын мөлшері ұсталуы мүмкін. Сот орындаушысы өндіріп алушының (заңды өкілінің) өтініші бойынша кез келген уақытта, бірақ, көп дегенде тоқсанына бір рет борышкердің жалақысы мен басқа да

табыстарынан ұстап қалудың және ұсталған сомаларды өндіріп алушыға жіберудің дұрыстығы мен уақытылы жүргізілуін бақылауды жүзеге асырады.

Сонымен бірге, алимент төлемдерін жалақыдан немесе өзге де табыстардан үш ай бойы өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда, сот орындаушысы берешекті айқындау туралы қаулы шығарады және осы заңның 32-бабына сәйкес атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету шараларын қолданады. Сондай-ақ, заңның 61-бабына сәйкес, өндіріп алуды қолдануға болмайтын мүлікті қоспағанда, борышкердің мүлкіне өндіріп алуды қолданады.

Егер борышкер бұл кезеңде жұмыс істемеген немесе оның жалақысын және өзге де кірісін растайтын құжаттар ұсынылмаған жағдайда, ай сайынғы төлемдер немесе алимент бойынша берешек оны өндіріп алу кезінде Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақы мөлшерін негізге ала отырып айқындалады.

Мұндай мәселеге тап болмас үшін борышкерге қызметтік жұмыс тауып, ағымдағы алименттерді алынатын жалақысына қарай аударған тиімдірек. Сонымен бірге, егер борышкер жұмыс істемесе, қарызды есептеу орташа айлық жалақыға сәйкес жүргізіледі. Мысалы, қазіргі уақытта орташа айлық жалақы 260 000 теңгені құрайды, егер 1 баланы асырау үшін төленетін алименттерді есептесек, оның ағымдағы қарызы кірістің $\frac{1}{4}$ бөлігін құрайды да, онда ай сайынғы төлем 65 000 теңгені құрайды. Ал егер алимент төленбесе, қарыз ай сайын өсе береді.

Жоғарыда көрсетілген шаралар атқарушылық іс жүргізудің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін бағытталғанын және кәмелетке толмаған балаларды қорғау кепілдіктерінің бірі болып табылатынын атап көру керек.

Самат ТӘЖІБАЕВ,
Ақмола облыстық Әділет
департаменті атқарушылық
өндірісті қамтамасыз ету
бөлімінің бас маманы

ТАТУЛАСУ – ДАУДЫ АЯҚТАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Бір кездері сотқа жүгінушілер санының өсуі - халықтың сот төрелігіне деген сенімінің күшейгендігін, азаматтар құқықтарының қорғалу деңгейінің артуын айғақтайтын оң құбылыс ретінде қабылданған болатын. Бірақ, бұл құбылыстың тағы бір жағы бар – бұл қоғамдағы даукестік деңгейінің өсуін көрсетеді.



Елімізде қоғамдағы даукестіктің деңгейін төмендетіп және дауларды келісім арқылы тиімді шешуді жолға қою бағытында түрлі шаралар жүргізіліп келеді. Арнайы Медиация туралы заң қабылданды. Азаматтық процестік кодексіне татуластыру рәсімдері туралы арнайы тарау енгізілді, көптеген пилоттық жобалар қолға алынды.

Осы бағыттағы соңғы жаңашылдық ретінде, заңнамадағы татуластыру рәсімдерін қолдану саласын кеңейтетін «Сотқа дейінгі хаттама» жайындағы жаңашыл норманы айтуға болады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша толықтырулар енгізіліп, жаңашылдықтар жыл басынан қолданысқа енген болатын. Осы өзгерістер аясында Азаматтық процестік кодексінде «Сотқа дейінгі хаттама» ұғымы пайда болды. Жаңашыл норманың басты мақсаты дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу мәселелерін дамыту болып табылады.

Азаматтық процестік кодекстің 73-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, дәлелде-

мелерді тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сатыдағы сотқа олар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде ұсынады, онда тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың олар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі.

Оның жүзеге асырылу тәртібіне келетін болсақ, татуластырушы судья талап түскен күннен кейінгі келесі күннен кешіктірмей тараптарға сотқа дейінгі хаттама жасау құқығы түсіндіріле отырып, татуластыру рәсіміне қатысуға шақыру жібереді.

Әңгімелесу барысында тараптарға сотқа дейінгі хаттаманың тиімділігі мен салдары түсіндіріліп, ол бойынша пікір сұралады. Тараптар келіссе, оларға хаттаманың нысаны ұсынылады және оны рәсімдеу мерзімі белгіленеді.

Сотқа дейінгі хаттаманы тараптардың өздері де, медиаторлар мен адвокатқа жүгіну арқылы да жасауға болады, онда екі тарап

өздерінің сотқа ұсынатын дәлелдемелерін көрсете отырып, дауды қандай шарттарда келісіммен аяқтауға болатынын ұсынады.

Тараптар сотқа дейінгі хаттаманы толтыру арқылы татуласса, татуластырушы судья 15 күннен кешіктірмей талапты өндіріске қабылдау туралы ұйғарым қабылдайды. Сондай-ақ, тараптар ұсынған келісімнің заңға қайшы келмейтінін, келісім шарттарының орындалуы басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбайтынын тексеріп, келісімді сот ұйғарымымен бекітеді.

Дауды сотқа дейінгі хаттаманы жасау арқылы аяқтау, тараптарға азаматтық іс қозғалғанға дейін дәлелдемелермен алмасуға, сол арқылы даудың нәтижесін пай-

ымдауға, уақытын үнемдеуге, сондай-ақ, бұрынғы қарым-қатынасты сақтап қалуға мүмкіндік бермек.

Жыл басынан бері аудандық сотта 61 талап қою бойынша тараптар сотқа дейінгі хаттаманы жасаудың артықшылықтарын пайдаланған.

Әрбір жаңа бастамадан жаңа мүмкіндіктер күтіледі. Заңнамадағы жаңашыл норма даулы мәселелердің сот үрдісінен тысқары тәртіппен шешілуіне сүбелі үлесін тигізеді деп ойлаймын.

С.БЕРТАЙ,
Арал аудандық сотының судьясы
Қызылорда облысы

ТҮТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

Жалпыға бірдей декларация: нені білген жөн?

Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті таратқан хабарламаға қарағанда, жеке тұлғалардың кірістері мен мүлкі туралы декларацияны (270.00 нысан) қағаз түрінде тапсыру мерзімі 15 шілдеде аяқталды. Оны қағаз түрінде тапсырып үлгермегендер енді 15 қыркүйекке дейін электронды түрде тапсыруына болады.

Жеке тұлға декларацияны тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына тапсыруы қажет. Жалпыға бірдей декларациялаудың бірінші кезеңі былтыр басталды. Онда активтері мен міндеттемелері туралы декларацияны ұсынған тұлғалар биыл 1 қаңтардан бастап кірістері мен мүлкі туралы декларацияны ұсына бастаған еді. Олардың қатарына мемлекеттік қызметшілер, оларға теңестірілгендер, банк және сақтандыру нарығының және бағалы қағаздар нарығының ірі қатысушылары, сондай-ақ, аталған тұлғалардың жұбайлары кіреді. Электронды үкімет порталындағы мәлімет бойынша, жалпыға бірдей декларациялауға көшудегі басты мақсат: көлеңкелі экономикамен және сыбайлас жемқорлықпен күрес үшін жеке тұлғалардың табысы мен мүлкіне тиімді бақылау жүйесін құру, сондай-ақ, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауды қамтамасыз етудегі мемлекеттің рөлін күшейту болып табылады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының кодексін қолданысқа енгізу туралы» заңның 45-1-бабы негізінде Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау 4 кезең бойынша жүреді.

I кезең – 2021 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Онда жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары); мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары); мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар мен олардың жұбайлары (зайыптары); «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңына және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңдарына сәйкес декларацияны табыс ету міндеті жүктелген тұлғалар декларация тапсырады.

II кезең – 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Онда мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және т. б. саласын қоса алғанда) және олардың жұбайлары (зайыптары); квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері және олардың жұбайлары (зайыптары) декларация тапсырады.

III кезең – 2024 жылдың 1 қаңтарынан басталады. Онда заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары (зайыптары); дара кәсіпкерлер және олардың жұбайлары (зайыптары) декларация тапсырады.

Ал IV кезеңде – 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтардың қалған санаты декларация тапсыратын болады. Жалпыға бірдей декларациялау кезінде жеке тұлғалар декларациялау жүйесіне енген кезде активтер мен міндеттемелер туралы (250.00 - нысан) декларацияны тапсырады. Кейіннен халық кірістер мен мүліктер туралы (270.00 - нысан) декларацияны жыл сайын тапсыратын болады.

Е.КЕБЕКБАЙ

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ІС ЖҮРГІЗУДІ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Соңғы жылдары сот жұмысына енгізілген түрлі заманауи технологиялар халық игілігіне жарап, бүгінде бұл қызметтер сот ашықтығының, жария-



лылығының, жеделдігінің көзіне айналды. Сот жүйесіндегі заманауи технологияларды айтқанда, ең алдымен «Сот кабинеті» сервисі ауызға ілігеді. Себебі, осы электронды сервистің көмегімен бүгінде әрбір сотқа жүгінуші өзіне ыңғайлы кез келген уақытта, үйден, кеңседен шықпай-ақ, интернет желісі арқылы өтініш пен арызын электронды түрде жібере алу мүмкіншілігіне ие.

Сондай-ақ, сервистің көмегімен азаматтар мемлекеттік бажды онлайн режимінде төлеп, сот құжатын, істің бүкіл тарихын қарап, сот актісін басып шығара алады және аталған істің процессуалдық мерзімдерін де қарай алады.

«Сот кабинеті» сервисі халықтың сотқа қол жетімділігін қамтамасыз етумен қатар, сот ісін жүргізуді де біршама жеңілдетті. Бұрын сот отырысына азаматтарды шақыру ұзақ процесс еді. Хабарламаны конвертпен жолдап, шақыртудың жеткен-жетпе-

генін білмей отыратын күндер келмеске кетті.

Сот отырысының болатын уақыты мен орны туралы ақпарат тараптардың ұялы телефонына сервис арқылы смс-хабарлама ретінде, істің қаралуы туралы ақпарат «push-хабарлама» түрінде жіберіледі.

Бүгінде аталмыш сервис көптеген электронды қызмет түрлерін көрсету мүмкіндігіне ие. Жуырда электронды сот төрелігін одан әрі жандандыру мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде тағы бір жаңа функция, яғни QR-кодтарының жаңа технологиясы енгізілді. Халыққа ыңғайлы болу үшін және бірыңғай стандартқа көшу мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде авторизациядан өту және ұсынылатын құжаттарға қол қою тетігі өзгертілді.

Енді авторизациядан өту және құжаттарға қол қою Egov mobile мобильді қосымшасының Face ID және Touch ID (QR-кодты сканерлеу) арқылы мүмкін болады. Сервистің жаңа нұсқасы қандай артықшылықтарға ие десек, ең алдымен азаматтар электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) egov mobilді қосымшасы арқылы алу мүмкіндігіне ие болды.

Осы секілді салаға тың жаңашылдық әкелген технологияның бірі, сот процесінде үн-бейне жазба құралының қолданылуы.

Қазіргі таңда Республика соттарының залдары түгелдей дыбыс-бейнежазба құрылғы-

ларымен жабдықталған. Бұл тетік – сот ісін жүргізу реформасының институционалды жүйесінің жетілген қадамының бірі. Кез келген сотта қаралатын іс үн-бейне жазба құралының қосылуымен жүргізіледі. Оны судьяның тоқтатуға, редакциялауға мүмкіндігінің болмауы азаматтардың сот отырысындағы жауаптылығын көтеріп, төреліктің әділ шығатынына күмән туғызбайды. Олай дейтініміз, ертеңгі күні қандай да бір даулы мәселе туындаған жағдайда нақты сол іс бойынша барлық мән-жайды жазбадан анықтауға мүмкіндік мол.

Аталмыш ақпараттық жүйенің енгізілуі сот мәжілісінің хатшыларын сот отырысының хаттамаларын қолмен жазудан босатты. Бұрын хаттамаларды толтыру қолмен рәсімделіп, кейіннен жазу машинкасында терілетін болса, бүгінде істі талқылауды үн-бейнежазба құралдарын пайдалану арқылы түсіріп алған жағдайда, сот отырысының хатшысы жазбаша нысанда қысқаша хаттама жасаумен шектеледі.

Осылайша, жүйе жұмысына озық технологияларды дендеп ендіру сот төрелігінің ашық әрі қолжетімді болуымен қатар, сала жұмысына тың серпін береді.

Баянсұлу ҚАНЫБЕТОВА,
Арал аудандық сотының бас маманы,
сот мәжілісінің хатшысы.
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЗАҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.9.2022 ж. жіберілді. Басуға 20.9.2022 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 18. Таралым 775.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,
Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:
8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:
8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:
8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:
8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.
Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27
тел.: 8 /727/ 251-78-31
ТОО «Принт Плюс»